

ПАВЛОДАР УНИВЕРСИТЕТИ

МАГИСТРАТУРА

“ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА” КАФЕДРАСЫ

Магистрлік диссертация

М.Ж.КӨПЕЕВТІҢ “ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІНДЕГІ” ОНОМАСТИКА МӘСЕЛЕСІ

521250 “Қазақ филологиясы”

ОРЫНДАФАН ----- *Каппасова* 24.02.05 ----- Каппасова Ә.Қ.
ФЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ
ДОЦЕНТ ----- *Тұрышев* 24.02.05 ----- Тұрышев А.Қ.
КОЛЫ , КҮНІ
КОЛЫ , КҮНІ

Корғауға жіберілді:

“Қазақ әдебиеті және журналистика” кафедрасының менгерушісі

ДОЦЕНТ ----- *Жұсіпова* 24.02.05 ----- Жұсіпова Г.Қ.
КОЛЫ , КҮНІ

Павлодар , 2005 ж.

Диссертацияда М.Ж.Көпеевтің “Қазақ шежіресіндегі” ономастика мәселелері зерттелінген. Еңбектегі адам есімдері мен жер – су аттары тұңғыш рет қолға алынып осы тақырып тәнірекінде жан – жақты талданды. Еңбекте шежіре жанры, ономастика туралы пікірлерді жинақтай отырып, зертгелетін еңбекпен үштастырып сабактастырады. Туынды Шәкәрім Құдайбердіұлының, Курбанғали Хамиидидін, Б. Әбілқасымовтың шежірелерімен салыстырмалы зерттелініп, өзара айырмашылықтары мен үқасстықтары қарастырылады. Олардың ішіндегі М. Ж. Көпеевтің ғылыми жағынан нактырақ үлгідегі шежіренің 600-дей адам есімдері мен 300-ге жуық топонимдерді лексика-семантикалық мағыналарына қарай топтаған, лексикалық атауларға фонетикалық, морфологиялық, грамматикалық түрғыдан тілдік талдау жасаған. Адам есімдері мен жер – су атауларының лексикалық – синтаксистік тәсілдер арқылы жасалынғандарын жинақтап, іштей бірнеше бөліктеге бөліп жіктеген. Сол атаулардың кейбіреулерінің этнолингвистикалық түрғыдан белгілі лингвистер дің еңбектеріне сүйене отырып этимологиясына талдау жасаған.

В диссертации объектом исследования являются проблемы ономастики в произведении М.Ж.Копеева «Казак шежиреси», Даётся разносторонний анализ именам собственным: имен людей, названиям рек, местностей. В данной работе рассматривается синтез жанра шежире и выбранной информацией о ономастике с самим произведением «Казак шежиреси». А также ведется сопоставительный анализ с подобными жанрами шежире Шакарима Кудайбердиева, Курбангали Халиди, Б. Абылқасымова: на основе анализа рассматриваются различия и сходства данных произведений.

Диссертант сгруппировал по лексико – семантическому значению около 600 имен людей и 300 топонимов. Исходя из лексических значений слов диссертант проделал лингвистический анализ с фонетического, с морфологического, с грамматического уровней. По принципу лексико – синтаксического словообразования им была отобрана группа слов ономастики и топонимики, которую по своему лексическому значению диссертант поделил на несколько частей. Некоторым названиям с этнолингвистического аспекта, опираясь на труды, выдающихся лингвистов, был дан этимологический анализ.

In the dissertation the object of the research are problems of onomastik at the work of Kopeev “Kazakh shezhire”. There is given the versatile analqsis to the awn names: names of the people, names of rivers and countrysides. Af this work is examined the synthes of, shezhire and chosen information apout onomastik with the work “Kazakh shezhire”. And also is conducted comparing analqsis with the similar zhenres shezhire of Shakarim Kudaiberdiev, Kurbangali Hamidi, Abulkasymov, an the basis of analqsis are examined differences and likenesses of these works. The dissertations author has collected about 600 names of people and 300 toponimes an the lexik semantikal meaning. Issued of the leksical meanings of the, words, the author is made linguist analysis from phonetik, monologik and grammarlevels. On principle lexikal – sunthaksis word – formation he selected a group of onomastik and fophonymik words, which the author has divided into same parts an their own lexikal meanings. Also was given ethimologik al analysis to some names of the ethnolinguistik al aspekts, seen at works of great lingua – scientigts.

МАЗМУНЫ.

КІРІСПЕ.....	3-5
1. ҚАЗАҚ ШЕЖИРЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	6-10
2. М-Ж.КӨПЕЕВТІҢ “ҚАЗАҚ ШЕЖИРЕСІ” ЕҢБЕГІНДЕГІ ОНОМАСТИКА МӘСЕЛЕСІ.....	10-14
2.1. КІСІ ЕСІМДЕРІ.....	15-20
2.2. ЖЕР-СУ АТТАРЫ.....	21
3. М-Ж.КӨПЕЕВТІҢ “ ҚАЗАҚ ШЕЖИРЕСІНІҢ ” ЭТНОЛИНГВИС- ТИКАЛЫҚ СИПАТЫ.....	21-23
3.1. РУ-АДАМ ЕСІМДЕРІНІҢ КЕЙБІРІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКА- ЛЫҚ СИПАТЫ.....	23-46
3.2. ЖЕР-СУ АТТАРЫНЫҢ КЕЙБІРІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКА- ЛЫҚ СИПАТЫ.....	46-52
ҚОРЫТЫНДЫ.....	53
ТЕРМИНДЕР МЕН ТУСІНІКТЕМЕЛЕР	54-55
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	56-57

Kіріспе

Зерттеудің өзектілігі. Он тоғызының ғасыр мен жиырмасының ғасырдың басында қазақ халқының рухани-мәдени өмірінде өшпес із калдырылған ерекше кезенің, әрбір қалам иелерінің туындыларын жан-жақты зерттеу - өте күрделірек. Өйткені олар екі ғасыр тоғысындағы өзгермелі өмірді басынан өткізіп, бұқіл қөрген - білгендерін қаразға ғана түсіріп, медеу тапқан, көп нәрсені алдын ала болжай білген көрегендер туындылары болатын. Сол туындыларымен көркем әдебиеттің дамуына өзіндік қолтаңбасымен, қаламгерлік ерекшелігімен көрінген ақындардың бірі – Мәшіүр-Жұсіп Көпееев. Әдеби тілдің дамуына зор үлес қосушы ақынымыздың ерекшелігі - өз замандастарының ішінде мәртебесінің жоғары болуында еді. Ақынның көзі тірісінде-ақ көлемді туындылары баспа бетін көріп, оқырмандар көңілінен шыға алды. Солай бола тұрса да, кезінде әділ бағасын ала алмай, енді ғана акталып, зерттеліп, қыруар енбек жасалыныш жатқаныны бүтінде осы жұмыстың өзі-ақ дәлел бола алады. Ақын шығармаларын тарихшылар, әдебиетшілер, тілшілер, философтар, педагогтар сияқты әр ғылым өз түрғысынан зерттеу нәтижелерімен “Мәшіүртану” саласына өз үлестерін қосуда. Оның шығармашылығы әдебиеттану ғылымында бірнеше зерттеулерге өзек болғанымен де, ақын шығармаларын тілдік түрғыдан зерттеген көлемді зерттеуді айтпағаның өзінде, бұл проблеманы Тұрышев Айтмұхамет Қасымбайұлынан басқа ешкім де көтерген емес. Одан кейін осы ғалымның жетекшілігімен жазылған А.О. Карипжановың . “Көпееев шығармаларындағы топонимдердің этимологиясы ” деген ғана мақаласын айтуға болады . Оның өзінде автор қаламгердің ономастика мәселесін жалпы туындысы көлемінде карастырады, ал ономастикага тұнып тұрған “Қазақ шежіресі” еңбегі жеке қарастырылған жоқ.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында: Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттарында II. Әлеуметтік даму.2.3. Мәдени – гарихи мұраны сақтау бөлімінде “Мәдени мұра” арнаулы орта мерзімді бағдарламаны өзірлеуге нұсқау берілді(Бағдарлама іс-жүзінде асырыла бастады). Осыған орай:Халықтың орасан зор мол мәдени мұрасын, соның ішінде осы заманғы ұлттық мәдениетін, фольклорын, дәстүрлөрі мен салттарын зерттеудің біртұтас жүйесін жасау керектігі күнкүрғатпайтын маңызды мәселе екендігін ерекше атап өтті. Демек, біздін ғылыми зерттеу еңбегіміз Елбасының алға қойған мақсатын түбекейлі шеше алмаса да ұлттық салт-дәстүрге байланысты кейбір мұраттарды лингвистика жолымен іс-жүзіне асырып, шешүгे болатындығын көрсетіп берді. Еліміз егемендігін алып, ұлттық сана-сезім оянып, рухани байлығымызды бағалайтын кез баяғыда келді. Міне, М-Ж.Көпеевтің “Қазақ шежіресі” шығармасының ономастикалық түрғыдан арнайы зерттелмеуі – осы жұмыстың жазылшуына ықпал етті және тілдік түрғыдан алғанда ономастика саласына өзіндік ерекшеліктері айқын қаламгердің шығармасына лингвистикалық түрғыдан баға беруіміз – осы олқылықтың орнын толтыруға

бағытталған алғашқы қадамымыз болмақ. Жұмыстың өзектілігі – тақырыптың осындағы тың болуымен түсіндіріледі. Яғни, ақынның шығармасындағы қазак есімдерінің құрылышының ерекшеліктерін ашу еді. Жұмыстың өзектілігі – тақырыптың осындағы тың болуымен түсіндіріледі. Осы зерттеуде жасалған ғылыми тұжырымдармен де сабактасады, яғни бұл зерттеудің көтеріп отырған мәселелерімен байланысты. Мұнда ақын туындысындағы антропоним, топоним мәселелерін алғаш рет жинақтап жіктеп, кейбіреулерінің этнолингвистикалық сипатын ғалымдар пікіріне сүйене отырып, ғылыми тұжырымдар жасалған.

Зерттеудің нысаны. М.-Ж. Көпееvtін “Қазақ шежіресі” еңбегіндегі ономастика мәселелерін, антропонимдер мен топонимдерді этимологиялық түрғыдан тегін анықтау қарастыру тұнғыш рет зерттеліп отыр..

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты М.-Ж. Көпееvtін “Қазақ шежіресі” еңбегіндегі кездесетін адам есімдері мен жер – су аттарының қалыбы мен құрылышы, сөзжасамдық құрылышын зерттеу. Осы негізгі мақсатты айқындау үшін алдымызға мынандай міндеттер қойды:

- еңбектегі жеке есімдер мен жер – су аттарын мағыналық жағынан санамалап жіктеу;
- қаламгер туындысындағы адам есімдері мен жер – су аттарының кейбіреулерінің этнолингвистикалық сипатын зерделеу.

Зерттеудің дереккөздері. 1993 жылы Алматыда Жалын баспасында жарық көрген, ақынның араптың хадим жазуынан бүгінгі жаңа әлібпиге түсіріп өзірлеген Сәрсенбі Дәуігұлының “Қазақ шежіресі” атымен шыққан еңбегі зерттеудің дереккөзі болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері. Жұмыстың ғылыми негіздері ретінде: В.Гумболт, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдар, М.Томанов, Т.Жанұзаков, Ә.Хасенов, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов, Ә.Әбдірахманов, А.Тұрышев еңбектеріндегі қажетті теориялық негіздер алынып, көркем әдебиет тілі мен жекеленген ақын жазушылар – шығармаларының тілі бойынша жазылған зерттеу жұмыстарының ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынды. Сондай – ақ отандық ғалымдармен бірге орыс ғалымдарының еңбектері де жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізін құрады.

Зерттеу әдістері. Жұмыстың зерттеу әдістеріне тіл білімінде қалыптасқан бірқатар ілгерінді әдіс – тәсілдер алынды. Тарихи – салыстырмалы, бақылау объективті – аналитикалық сипаттау, статистикалық әдіс – тәсілдерді атауға болады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Бұл жұмыста ғасыр тоғысында өмір сүрген ақынның “Қазақ шежіресі” шығармасындағы ономастика мәселелерін зерттеу колға алынып отыр, ол жөнінде алғаш рет осы салада тұжырымдар жасалды. Ақын әңбегіндегі есім жасаудың түрлі жолдарының ерекшеліктері сөз болып, кейбіреуінің аталу тарихы түркі тілдес халықтардың түбір сөздерінің мағыналық не дыбыстық сәйкестігі жағынан дәлелденіп, жұмыстың жаңалығын құрайтын нәтижелерге бой үрады.

*”Қазақ шежіресіндегі” ономастиканың зерттелуі.

*Кісі аттарын зерттеу.

*Жер-су аттарын зерттеу.

*Олардың кейбіреуінің этимологиясын ашу.

*Олардың фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерін ашу

*Ономастикалық сөздердің зерттелуі.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар. Диссертациялық жұмысты орындау барысында онда шешілуге тиісті тәмендегідей тұжырымдар ұсынылып отыр:

- Шежіре жанрының аукымды мәселелері;

- М-Ж.Көпееvtің “Қазақ шежіресі” еңбегіндегі адам есімдерінің лексика-семантикалық құрылымы.

- Шығармадағы жер – су аттарының жіктемелі жүйесі;

- Кейбір ономастикалардың этнолингвистикалық сипаты.

Зерттеудің теориялық және практикалық мәні. Зерттеу нәтижелерін мектептерде факультатив сағаттарында, арнайы үйірмелерде, орта оқу орындарында, арнайы курс, семинарларда, лицей, колледж сондай – ақ “Мәшінартану” жұмысы мен айналысушы жас ғалымдарға немесе филология факультетіндегі қазақ бөлімі студенттері үшін арнайы курстар мен семинарлар жүргізуге қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының мақұлдануы мен жариялануы. Диссертациялық жұмыстың басты нәтижелері курстық жұмыста, “ПаУ хабаршысы” ғылыми журналында жарық көрген “М.Ж.Көпееvtің “Қазақ шежіресінің” еңбегіндегі ономастика мәселесі”, “М-Ж.Көпееvtің “ Қазақ шежіресі ” еңбегіндегі төрт түліктің негізінде жасалынған адам есімдері” атты екі мақалада жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Жұмыс кіріспеден, негізгі бөлімнен, корытындыдан тұрады. Сонында терминдер мен түсініктер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген.

I ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Шежіре - халық ауыз әдебиетінің үлгісі. Оны халықтан жинаиды. Шежіренің алдында тарихи оқиғаны зерттейтін тарихи деректер аз болмағандықтан тарих пен әдебиеттің біте қайнасқан жері осы шежіреде десе де болғандай.

Тарихи тұлға әдебиет арқылы сомдалады да ғылымның бірнеше саласына әсер етеді. Сондықтан шежіре тілін, тұлғалар келбеті мен өмірін зерделей зерттеу аса қажет-ақ.

Қолымызға келіп жеткен шежіре нұсқалары санаулы болса дағы шежіре тілі жабулы күйінде зерттелуін күтуде. Мұлде қолға алынбады емес әрине, шежіре туралы бірсыныра мәлімет “Қазақ Совет Энциклопедиясында” айтылған. Осында шежіре авторлары да, шежіре мәні де сөз болған. Мұнда: “Шежіре - халықтың шығу тегін, таратуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы. Ру тайпаларының өрбүйін үрпақтан-үрпаққа жеткізген, қалыптасқан ресми шежіренің мәдениетті елдердің бәрінде де кездеседі” деген[1,231-232].

Бұл шежірелерді топтап жиып отыру орта ғасырдағы атақты адамдардың дәстүріне айналған. Осы арнада жазылған материалдардың арнасы кең. Ш.Уалжановтың айтуынша ескі шежірешілер: Есімханның, Тәуекенің, Сәмекенің, Әбілмембеттің үрпақтарында сақталып келген. Ондай шежірешілер Абылайда, оның балалары Уәлиде, Сұйық төреде, Әбілқайырда, оның балалары Нұралыда, Айшуакта, үрпақтары Жәнгірханда, Дәүлеткерейде болған. Абылайдың шежіресі кейін капитан Андреевке, Н.И.Гродековтың қолына тиеді. Оның толық түрін сақтаған Ш.Уәлиханов Әбілхайырдың шежіресі толығымен М.Тефкелевтің, П.Н.Рычковтың қолына түседі. Ондай шежірелерді орыс әрпіне түсіріп жинаған кіслер : А.И. Левшин, Г.С. Саблуков, Н.Аристов, А.Ягмин, Б.С.Броневский, Ф.Г.Старкин, А.С.Андре, К.Б. Красовский, Л.Нейер, В.В. Григорев, Н.Н. Веселовский тағы басқалар.

XIX ғасырдағы шежірелердің көп жинаған ғалымдар : М.Ладыженский, Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, А.А.Диваев, Н.И.Гродеков, И.Шангин.

Шежіренің топтаудағы дерегі мол енбектер қатарынан талданғалы отырған енбектің орын табуы - орынды бағаланған жоғары баға деуге болады. Энциклопедияға сүйенсек, одан басқа бірнеше белгілі авторлардың шежірелерін былай тізбектейді: Ш.Құдайбердіұлының “Қазақ шежіресі”, Хамеди Құрбанғали дың “Қазақ шежіресі”, М.-Ж.Көпейұлының “Қазақ шежіресі”, “Бұл қазақ қай кезде “Үш жұз” аталған”, Нұржан Наушабайдың “Қазақ пен түрікмен шежіресі”, “Сыр бойында Торғай би жинаған “Үш жұздің” шежіресі”, “Диханбай батырдың “Ұлы жұз шежіресі” [1, 232].

Шежіреде тарихи оқиғар белгілі уақыт көлемі негізінде баяндалады. Бұл жөнінде кезінде Ш.Құдайбердіұлы да атай келе былай деп жазған : “Шежіреде ру, аталаңдардың таралуымен қатар, оларға байланысты тарихи оқиғалар , елдің қоныс аударуы, бір ел мен екінші елдің қарым-қатынасы, ол елдерден үздік шыққан

шешендер, батырлар жайындағы ел арасында жыр болып тарапған әңгімелер коса жазылады”-дейді. [2, 1911ж].

Кейін “М.-Ж.Көпееvtіn З-ші конференциясында А.К.Хамитова мен Д.Б.Жанабекова шежірешілердің еңбектерін былай сараптайды: “Түрік – қырғыз, қазак хандар шежіресі”, 1903-ж Қазанда басылған Н.Наушабайұлының “Манзумат Казахия”, К.Халидидің 1910 –жылы жарық көрген “тауарих хамса”сияқты кітаптарының орны бөлек. Кеңестік дәуірдегі еңбектердің арасында М.Тынышбаевтың 1925-жылы Ташкентте “Қазак халқының тарихына қатысты материалдар” атты еңбегінің алатын орны ерекше. Сондай-ақ, С.Аманжоловтың “Қазак тілінің диалектологиясы мен тарихының мәселелері”(1968.), Востров пен С.Мұқановтың “Орта жүз қазақтарының этникалық құрамы мен орналасуы” (1977ж.) атты еңбектерінде де бірталай мәліметтер бар. Біздің өлкемізге байланысты тарихи деректерді орта жүздің шежіресінен сүзіп алыш қарауға болады. Бүгінгі таңда өміріміздің шежірелеріне етene көніл бөліп жүрген ғалым, зерттеушілер, әлкетанушылар барышылық”-дейді[3, 189].

“Существующие дефиниции термина “шежіре”, как “генеалогического древа” вводит в заблуждение многих исследователей. Этимологический анализ происхождения понятия “шежіре” показывает половинчатость этого определения. И это негативным образом отражается в понимании значения устной традиции. Наверное, не случайно, что в изданиях “Истории Казахской ССР” шежире характеризуется, как генеалогия казахских родов, составленных мусульманским духовенством конца XIX века. До настоящего времени существует мнение, что “шежіре” – слово арабского происхождения от “шаджарат”-древо, ветвь.

Мы предполагаем, что термин “шежіре” имеет тюрко-монгольское происхождение. Так, если в монгольском языке “шежіре” нашло произношение в “цээжээр”, то в калмыцком языке как “чеджыр дасх”, а в тувинском-“шээжилээр” с единными значениями: “память, иметь в памяти, запомнить, знать найзусть”.

Примечательно, что в казахском языке “шежіре” сохранило лишь значения “родословная”, “генеалогия”, “история”, а для обозначения “памяти” используются в казахском языке слова “жады, жаттау, жатқа білу”, что имеет персидское происхождение от “йад” –“память”, “воспоминание”, “образ”. В арабском же языке “шаджарат” имеет лишь значение “древо” без смысла “генеалогия”, а понятие “генеалогическое дерево” употребляется в изафетном сочетании “шаджарат ан-нысб”.

Поэтому, провильное распознание происхождения и первоначального значения слова позволяет нам значительно расширить смысл понятия “шежіре” в казахском языке. Не случайно, что на самом деле понятие “шежіре” воспринимается не просто как “генеалогия”, а больше в значении “история”... Таким образом, в казахском языке понятия “шежире” и “тарих” – идентичны”-деп қорытындылайды[4, 18].

Шежіре халыққа шежіреші арқылы тарайды. Оның міндеті - түркі тілдес

халықтардың өткендең тұрмыс-тіршілігін ауызша таратып, үрпақтан-үрпаққа жеткізуши. Солардың бірі-казақ халқы екі жүзден аса рудан құралса, әр рудың өз шежірешісі болған. “Шежірешілер ру, тайпа, жұз, ата тарихын терең талдай білген. Шежірешілердің аты ел арасына кең танылған. Өзбек, Асан ата, Әбілғазы, Нұржан, Торғай сиякты шежірешілердің арасында осы еңбектің авторы М.Ж.Көпейұлы да кең танылған шежіреші екендігі айтылып өтеді” [1,232].

Еұл жөнінде тарихшы Ж.Артықбаев былай деген: “Наиболее казахским из всех традиционных школ является “шежире” М.Ж.Копеева. Дело в том, что автор во всех основных исторических сочетаниях остается приверженцем кстной исторической традиции. В конце XIX-началеXX вв. Когда остро стоял вопрос “быт или не быть” остаивать свой путь было нелегко.Начиная с середины XIX века большинство казахских мыслителей и поэтов сильно увлекались Востоком и мусульманской литературой.Вероятно, в эпоху сильнейшего колониального гнета казахское самосознание требовало мощной идеи, которая представилась многим в виде ислама.М.Ж.Копеев остался верен традициям казахского шежире” [4,27].

Қазақ тілінің түсіндірмелі сездігінде : Шежіре-зат. 1. Тарихи оқиғаларды жазып отыратын жылнама. 2. Ауыс. Қөпті көрген , көп білетін адам-десе, шежіреші-тарихи оқиғаларды басынан өткізген, қөпті көрген, көп білетін адам-деп анынгама берген [5,735].

Шежіре қазақ халқының тілдік қасиетін, халықтық қасиетін көрсететін шығарма. Сондыктан Қадырғали Жалайырдың “Жамиғат тауарихынан” бастап Әбілғазының “Шежіре-и-тұрік”, “Шежіре-и-тарихнамасына” дейін генеологилық үлкен шолу жасалса, бертіндегі жазбалармен арнайы топтастырылса, қыпшақ тіліндегі кыруар нұсқалардың беті жария болар еді. Қазақ халқының құрамын, хандықтарын, батыр-білерін, жақсы-жайсандары өз алдына талданғаны дұрыс болар еді.

Шежіре нұсқасы арқылы қазактың этномим, антропоним, топоним тағы басқа күрделі мәселелерін анықтауымызға септігі тиер еді.

Кенже қалсақ та осы мақсат жүйесімен М-Ж.Көпееvtің “Қазақ шежіресі” енбегін зерттеу ісін қолға алыш, ең болмағанда шағын өрнек кескінін жасауға тырыстық. Жалпы ғылым ілгері дамуы үшін ең алдымен қажетті деген тұпнұсқалары баспа бетін көріп, тіпті кітап болып басылып шықса, көп мәселелердің тетігі шешілер еді. Негұрлым фактілер нақты әрі шынайы болса, соғұрлым теренірек те тез дамымақ.

М.Ж.Көпееев шежіресінде қазақ атауының қойылуы ерте заманнан екендігін айта көліп, “ арап тілінде “ұғызак” деп жазылған, шағатай тұріктерінде “хазаф” деп жазылған, өзіміздің жуан тілде “қазақ” деп жазылған”- дейді [6,12]. Осы жөнінде Халид Құрбанғали қазақ атауының деректері туралы дәл осы пікірлер туралы үшінші, төртінші деректерінде жинақтал жазған екен [7, 62-63]. Мәшіүр қазақтың әуел басы “Нұх пайғамбардан тарап бөлінгенде Жаппас деген баласынан тұрік, онан тутік, онан қой, онан киік, онан еділше, онан алтыншы, онан мағол татардың мағолынан Қара хан, онан Уыз хан ! Осы Уыз ханнан өрбіп,өнген

нәсілінен тарадық” – дейді [6,12]. Тауарих хамсада: Жаппасты Алшын баласының ақылдысы Кіші жұзден тараған Ақ Келімбеттің үрпағы”- дейді [7, 92]. Авторлардың екеуі де қазақ бабасын таратат келіп, жұздің ішінде Орта жұзден бастап таратат бастайды.Х.Құрбанғали: “Орта жұзден б үл тарап, оларды Алты Арыс дейді: Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ, Уак, Керей деп соңғы екеуі кіші қатынынан деп қысқа қайырады [7, 92].М.Көпееев : “Орта жұзді Жанарыстың екі қатыны болғандығын, оның баласы болмай ойламаған жерден алты қожа келіп қонғанда алтауына алты қой сойып көнілдерінен шығып риза болып алтауы “алты үлға өз аттарымызды бердік”-деп бата береді.Кейін Қарақожа, Аққожа, Ақтамберді қожа, Даражжа, токалынан Есімқұлқожа, Қасымқұлқожа туатындығын жазады.Және Қарақожадан-арғын, Аққожадан-найман, Ақтамберді қожа, Даражадан-қыпшақ, Есімқұлқожадан-керей, Қасымқұлқожадан-уақ тарайтындығын нақтылап түсіндіре жазады.Арғынның апасының Таракты деген баласынан тараған үрпакты қосып “Орта жұздің жеті арысы ел атанған” дейді.Сондай-ақ арғынның Момын деген тоқалынан Ақсопы, Қарасопы, Арықсопы, Нәдірсонының туылғандығын нақтылай таратады.Ал “Тауарих хамсада”: “Орта жұзден Қара қожа тақуалығымен Ақ Сопы, мырзалығымен Атымтай, әділдігімен Қазы деген аталғандығын аша түседі [7,93-94]. “Қазақ шежіресінде”: Қаркерейді сөйлетеік деген бөлігінде Ерторы, Байторы деген екі баласы болғандығын, Ерторыдан Қызылым, Жиренім тұандығын X.Құрбанғали дәл солай таратқанымен есімдердегі үшінші буынындағы “ы” дыбысы “у” деп, яғни Қызылум, Жиренум делінген.М.ж.Көпеевте Жиренімнен Байсұқ түшіп, олар бескесе бөлінеді.Мендібай, Тебет, Жанғұлы, Жанбыршы деген таратып, Жанбыршыны-Ақбелбеу деген атағандығын ескертеді [6, 40].Ал X.Құрбанғалида. Байсұқ-Байсұйық деген аталады.Одан Семіз Найман тарайды деген оның бәйбішесінен Мыңлыбай, Тубіт, ортанышы әйелінен-Жанғұлы, Жанбыршы, кішісінен Қара Молда туды деген қай шешейден туғандығына дейін жазады.Мендібайды-Мыңдыбай, Тебет дегенді Тубіт, Жанғұлы мен Жанбыршыны сол дыбысталу күйінде, Қарамолданы сол күйінде бірақ екі сөз бөлек жазылып берілген.Екеуі де оларды. Семіз Найман дейтіндігін мойындаиды.Байторыдан-Тайлак, Жайнақ, Айрам, Майрам деген төрт үл туғандығын, Айрамнан Қожамбет, Майрамнан Байыс тарайды деген бірдей жазған.Байыстан бесеу екендігін мақұлдалап М.Ж.Кәпейде Сыбанқұл десе, X.Құрбанғалида Сыбан деген қана жазылған.Ақымбет X.Құрбанғалида Ақмәмбет делінген, Ж.Көпеевте Мәмбетқұл десе X.Құрбанғалида тек Мәмбет деген, Сары және Тоқабай есімдері тек М.Ж.Көпеевте ғана жазылған.Мәмбетқұл атынан Қыржы деген ру пайда болғандығын екеуі де қайталайды.Шежіреде Байыстың тағы бір екінші әйелінен туған Алдаберді есімін X.Құрбанғали Аллаберді деген Сыбан деген қана жазылған.Ақымбет X.Құрбанғалида Ақмәмбет делінген, Ж.Көпеевте Мәмбетқұл десе X.Құрбанғалида тек Мәмбет деген, Сары және Тоқабай есімдері тек М.Ж.Көпеевте ғана жазылған.Мәмбетқұл атынан Қыржы деген ру пайда болғандығын екеуі де қайталайды.Шежіреде Байыстың тағы бір екінші әйелінен туған Алдаберді есімін X.Құрбанғали

Аллаберді деп “д”-ның орнына “л” дыбысын қолданған. Элмәмбет есімі де салыстырып отырған еңбекте жуан “а” дыбысымен басталып Алмамбет деп жазылған. Элмәмбеттен тараған Шорантай есімі екі шежірешіде де бірдей лыбысталынып, одан тарайтын Мұнайтпасты солай атап екінші баласын М.Көпеевте Тома деп, Х.Құрманғалида Тәме деп аталады. Шежіреде Мұнайтпастан-Токпак, тарайды десе, Х.Құрбанғалида Тоқмақ деп “п” дыбысы “м” дыбысына алмасып қолданылған. Екі автор да бұлардың екі болыс ел екендігін қайталайды.

Түркістандық Тоқтар қожаның әйелі Мақта апай туралы жазған пікірлері де сөйкестенеді де оны біреуі Байыстың қызы десе, біреуі туысканы лейді. М.Ж.Көпеевте: “Байыспен бір туысқан Майрам қыз деп біреу сөйлейді. Оны Түркістандық Тоқтар қожа алып екі бала туған: Жанжігіт, Байжігіт. Байқожа Мақта апайдың қолында қалып, Жанжігіт қожаға еріп кеткен деседі. Байжігітten өрбіп-өнген сегіз болыс ел темірсу бойында Байысұлы Ерсарыдан өскен дейді. Мұрын Ерсарының бәйбішесі аты Ақбике екен. Мұрны зор болғандықтан байының аты қалып 5әйбішенің мұрнымен атанип кеткен Мұрынды бәйбішенің сегіз болыс елі бар деседі [6,41]. Х.Құрбанғалиде: “Мақтапайдан ері Тоқтарқожа деген Түркістандық, одан : Байжігіт, Жанжігіт туады. Тоқтарқожа өмірінің соңында Жанжігітті ертіп еліне кетіп, олардан кім бар-жоғын біле алмадық. Байжігіт анасымен қалып, қазір әuletі сегіз болыс ел болып отыр, Темір, Судур (Содыр), Бонжун, Мәуешен, Бахта атырабында . Мактапайдың біреулер Байжан қызы лейді. Байыстың ұлы Ерсары мұның әuletі қазір Мұрын руы атанады. Мұрын Ерсарының бәйбішесінің лақабы, мұрны өте үлкен болғандықтан солай атап кеткен, өзі аты Ақбике. Мұрындар қазір сегіз болыс ел”, -дейді [7,95].

2 М.Ж.КӨПЕЕВТІҢ “ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІНДЕГІ” ОНОМАСТИКА МӘСЕЛЕСІ

Жеке дара есім мен есім арқылы бүкіл ұлтты , ру басшысын беретін белгінің байланысы мен жалпы түсінік ауқымының лексика-семантикалық құрылымының ерекшеліктері немесе дыбыстық-грамматикалық жүйесі белгіленгенімен шегіне жетіп зерттелмей жүр. Жеке есім болса да, жалпы есім арқылы беретін таным болса да өз бетінше тілдік зандағық тарының негізінде дамыды. Сондай-ақ ұлттық сана мен салт-дәстүрді де айналып өте алмады.

М-Ж.Көпееев шежіресіндегі көп есімдер халық тарихындағы ерекшеліктер мен дәстүрге, дүниетанымдары мен психологиясына, экономикалық дамуы мен географиялық жағдайларына байланысты өрбіген. Соның нәтижесінде жеке есімдер халық аңыздарына жеке қасиеті арқылы бүкіл рудың мінезі, кемшилігі болып таныла алыш, аясы кеңейген. Көптеген есімдер ауызша жыр үлгілерінің тармақтарынан орын алыш, ел мақтанышына айналған. Шежіредегі сөздер тілдік материалы жағынан өзінен көп бұрынғы тіл ерекшеліктерімен де барып ұштасып, өзектесіп жатады. Бұғынгі тілдік зандағықтармен де жалғасын таба алған. Тілінің

ескерткіштік сипаты көнелік іздері жалқы есімдер арқылы да анық сезіле білген. Жалпы есім немесе атау арқылы жан-жақты болмаса да, бір қырынан болсын қажетті ақпарат жинақтай аламыз. Бұл жөнінде көрнекті ғалым Әмеди Хасенов былай дейді: “Ономасиология - зат немесе құбылыс ұғымының нақты бір сөзбен аталу себебін зерттейтін , яғни заттардың аталуы мен белгіленуі туралы ілім. Онома - грекше ат, есім, атау деген сөз. Ономатологияның үлкен бір саласы – ономастика. Мұны ономатология деп те атайды.Ономастика, тұтасынан алғанда, ат, есім атауларының шығу, қалыптасу жайын тексереді. Ономастиканың өзі бірнеше тармаққа бөлінеді : топонимика, антропонимика, этнонимика, астронимика, зоонимика, гидронимика, ойконимика сияқты салаларын қамтиды [8,3].

Ауқымды саланың әрқайсына жеке тоқталсақ: **Ономастика** (грекше : onomastike – атау, techne-әнері) - жалқы есімдерді зерттейтін тіл білімінің саласы. Біраз жұмыстарда “ономастика” термині антропонимика мағынасында жұмсалып жүр.Объектілер категориясына қарай ономастика дәстүрлі салаларға жіктеледі.Олар : **антропонимика** - адам есімдерін зерттейді; **топонимика** - географиялық атауларды зерттейді ; **зоонимика** - жануарлардың лақап атын зерттейді ; **астронимика** - аспан денелерінің атауларын зерттейді.

Ономастика жалқы есімдерді “реалионим” (бұрын болған, қазірде бар объектілер) және “мифоним” (ойдан шығарылған объектілер) деп екіге бөліп қарастырады.[9,158]

Топонимика (гректің *topos* – орын және оұнта-есім, атау) - географиялық атаулардың (топонимдердің) қызметін, маңызы мен шығу тегін, құрылышы мен тарау шеңберін, белгілі уақытта дамуы мен өзгеруін зерттеумен айналысатын ономастиканың бөлігі. Белгілі бір жердегі топонимдер жиынтығы сол жердің топонимиясы деп аталады. Объектілердің сипатына байланысты топонимиялардың негізгі түрлері мынадай: **Ойконимия** (грекше: *oikos* - үй) – елді мекендердің атауы; **Гидронимия** - (грекше: *hydor* - су) - су обектілерінің атауы; **Космонимия** - аспан денелерінің атаулары.

Топонимияның екі деңгейі болады:

1) **Макротопонимия** - ірі табиғи не жасанды объектілердің және саяси-әкімшілік бірлестіктерінің атаулары; 2) **Микротопонимия** - кіші географиялық объектілердің жергілікті ландшафты (орман, дала, сай және тағы басқа) атаулары [9,,224].

Антропонимика (гректің *anthropos* - адам және опута - есім) - адам есімдерін (антропонимдерді), жеке есімдерді, патронимдерді) әкесінің атын), фамилияларды, жалған аттарды, псевдонимдерді, криптонимдерді) жасырын аттарды) зерттейтін ономастиканың бір бөлімі [9,159].

Ә.Қайдаров: “**Ономастика**, зародившаяся на стыке ряда наук (лингвистики, историй , этнографий и географий), представляет собой совокупность ряда самостоятельных секторов, имеющих вполне конкретные объекты исследования; **топонимика** - изучающая географические названия , **антропонимика** - личные

имена , отчества, фамилий людей; **этнонимика** - названия этнических образований (народов, родов, племен); **астронимика и космонимика** - названия небесных тел, светил и созвездий; **зоонимика** – клички домашних животных; **теонимика** - имена божеств, духов имифических субъектов; **фитонимика** - названия растений и.т.д. [10,128].

Ә.Әбдірахманов: «Жер - су аттарының әр түрлі ғылымдар тарапынан зерттелуінде басты орынды тіл білімі алады, өйткені атау дегеніміз ең алдымен – сөз, ал сөзді зерттеу лингвистиканың сыйбағасы» - дейді [11,17].

К.Аханов : « Ономастиканы - тіл білімінің негізгі объектісі дей келе, ономасиология - зат немесе белгілі бір сөзben аталуы неліктен екендігін қарастырады» - дейді [12, 81].

Ономастика мәселелері қазақ тіл білімінде тіпті, түркітану саласында жеке мәселе ретінде көтеріліп , дамуы кеңестік дәуірмен байланысты болды. Ол бүкіл дүние жүзінің ғалымдарының өзекті мәселелеріне айнала алды. Оны 1972 жылы Софияда ономастика жайында 11- дүниежүзілік конгрес өткені дәлел бола алады. Ономастика пәнін зерттеп бағамдау тек тілшілердің ғана емес, тарихшылар, географшылардың да бағдаршамына айналды да, 1972 жылы Монреалда, тамызда Дүниежүзілік географиялық конгрес өтеді. Мұнда ұлттық және жалпы ұлттық географиялық атаулардың аражігін айқындалап , санамалау мәселелерін қарастырады. Және осы мәселелерді толықтырып, әрдайым зерттеп отыратын біріккен ұлттар тобының үйімін құрады. Осы жылы Канадада 22-ші ұлтаратық географиялық атаулар туралы конгрес өтеді.Осы кезде Лондонда өткен осы тақырыптағы конференцияға 9 ұлттық үйімдар мен 59 елдің делегация өкілдері қатысып,120-дан аса баяндама тыңдалып, ауқымды мәселелер сұраулары қанағаттандырылған екен. Қарқынды жұмыс көлемінің осы жетістігі толастамай одан әрі түркі тілдес тілдер ауқымында дамытуды қажет етеді. Осы мақсатпен 1980 жылы Ташкентте 3-ші дүниежүзілік түркілік конференция өтеді.Онда “Түркі тілдерінің лексикасы мен ономастикасының этимологиясын айқындау әдістерін зерттеу” тақырыбы талқыланып, ономастика мәселелерін тарихи және этномәдени түрғысынан зерттелуіне көп көңіл бөлу керектігі туралы шешім қабылданады [13,25].

Халық түсінігіндегі асман әлеміні жөніндегі түсініктері қазақ тілінде де, ауыз әдебиетінде де белең алған. Осы түсініктер Ш.Уәлихановтың, Г.Н.Потаниннің, А.Диваевтың енбектерінен көрініс табады.

Қазақ антропонимі мен топонимін, этнонимін және тағы да басқа бөліктерінің тарихи мәселелерін түркітанушы зерттеушілерден : Б.Б.Бартольд, С.Е.Малов, А.Н.Басқаков, А.М.Шербак, Э.М.Мурзаев, В.А.Никонов, С.Г.Кляшторный және тағы басқаларының енбегін атауға болады.

Қазақ тілінің ономастика мәселелері жазу тарихы мен этносқа, лексика-семантикалық жіктелу жүйесіне , диалектологияға, этнография мен географияға және тарихқа етene жақын қарым-қатынаста қарастыруы тұтастай алғанда қазіргі қазақ тіл білімінің жаңа бағыты. Ономастика саласы 19-ғасырдың екінші

ширегінде-ақ адам есімдері жөнінде , географиялық және этникалық атаулар жөніндегі қысқа мағлұматты, түсіндірмелі еңбектер: П.П. Семенова-Тянь-Шанскидің, Н.А.Северцовың, И.В.Мушкетова, В.В.Радлов, Ш.Ш.Үәлиханов, С.У.Ремезова, А.Л.Левшина, П.И.Рычкова, А.Е.Алекторова, Н.А.Аристова, П.С.Палласа, Г.Н.Потанина , А.Н.Харузина сияқты ғалымдардың мақалалары жарық көрді. Бұл ғалымдардың еңбектері ономастика саласына бағытталған зерттеулерденімен, қазақ ономастикасының қарқынды дамып, қалыптыасуына қатысы бар құнды материалдар мазмұнына бай мұралар болды. 30-40-шы жылдары қазақ тілінің ономастикасы жаңа талаптар мен сапалы зерттеу әдістерімен, ауқымды мәселелермен өзектендіріле түсті. Осы кезде Х.К.Жұбановтың, С.Аманжоловтың: “Географиялық атаулар”, С.Алиевтің “Қазақстанның географиялық атаулары ”, А.В.Маракуевың, Н.Баяндина сияқты ғалымдардың мақалалары жарық көрді.

Қазақстанның антропонимдері мен топонимдерінің алғаш зерттеуіне А.Абдрахманов, Т.Жанұзақов, В.Н.Попов, Е.К.Қойшыбаев сындылар зор үлес косып, негізін ашты.

Қазақ ономастикасының қызметі жөнінде Е.Керімбаев: “Біздің пікірімізше, жалқы есімдердің қызметі екі түрге бөліп қарау керек дейді” 1) Тілдік (сөйлеу) қызметі; 2) Экстралингвистикалық қызметі [14,173] Бұлай бөлу шартты ғана, әйтпесе бұл түрғыдан қарағанда оның қызметі өлдеқайда күрделірек. А.А Никонов (1965ж) топонимдердің үш түрлі қызметін атайды: 1) мекендік, 2) дескриптивтік (жазба түрде сипаттау) және 3) идеялогиялық[15,26].

Қазақ ономастикасының (жалқы есімдерінің) қызмет аясы мәселелері жөнінде “Қазақстан Фылым академиясы хабаршысында” алғаш рет ауызға алынып, баспа түрінде жарық көрді. Бұл мақалада жалқы есімдердің аясы тіл мен сөйлеуді шартты түрде қарастырылады. Мақала авторы алғаш рет зерттеу үлесін ғылыми салаға “жалпы халпы халықтық ономастикон” және “жеке ономастикон” деген терминдер енгізіп, жеке адамның мәдени – білімділік және тілді меңгеру дәрежесін аңғартатын, сөздік қорын анықтайтын жеке ономастикалық сөздік жөнінде әнгімелейді. [16,13].

Конқошбаевтің 1948 жылы жазылған “Қазақ халқының географиялық термині” деген диссертациясы жарық көреді. А.Абдрахмановтың 800-ге жуық топонимдердің атауын алғаш рет анализдереп, 200-ге жуық топонимдердің этимологиясына талдау жасайды. 1952 жылы А. Әбдірахмановтың “Қазақ тіліндегі топонимикалық атаулар жайында” кандидаттық диссертациясы негізінде жазған “Қазақстанның жер - су аттары” кітабы , 1960 жылы Т.Жанұзақовтың “Қазақ тіліндегі жалқы есімдер”, 1959 жылы қарашада А.Ақынжановтың “Қазақ халқының аты туралы дерек”, 1966 жылы Кенжебаевтің мақалалары жарық көреді. 1975 жылы Әбдірахмановтың “Топонимика және этимология”, 1979 жылы “Қазақстан этнотопонимикасы” деген, Т.Жанұзақовтың 1971 жылы “Қазақ есімдерінің тарихы” деген 1976 жылы “Основные проблемы ономастики

казахского языка” және 1982 жылы “Очерки казахской ономастики” деген еңбектері шыққан болатын.

Антропонимдердің тууы мен қалыптасуы, қофам өмірі және халықтың таным түсінігімен тікелей байланыта болады. Осы тұрғыдан көне дәуірлердегі жалпы түркі тілдеріне ортақ, сондай-ақ, бүгінгі күн қазақ тілінде қолданылып жүрген түрлі антропонимдердің тақырыптық топтарының өзі халықтық мазмұнды құрайтыны белгілі. Ендеше, антропоним әлемін халық болмысының құрамдас бөөлігі деп қарауға негіз бар. Өйткені, халықтың көне заманнан бүгінге дейінгі күнкөріс тіршілігі, рухани әлемі, жаратылыс жөніндегі таным - түсінігі антропонимдердің де өн бойынан көрініс таба алған. Ат қою туралы Т.Жанұзақов: “Кіци есімдерінің шығу, қойылу тарихы өте көне замандарға, алғашқы рұлық қофамға барып тіреледі. Әуелде ру, тайпа аттарының шыққаны күні бүгінде ғылымда белгілі болып отыр” деген пікір айтады [17,17].

Енді талдалғалы отырған шежіре тіліне келер болсақ: шежіре – ата - бабамыздың қашаннан, қалай қазақ болғандығымыздан бастап, автордың өзі өмір сүрген кезіндегі ұрпактарына дейінгі кезеңге дейін тармақтайтын еңбек. Ол жөнінде “Мәшіүр Жұсіп тағылымының” З-ші конференцияда Лаура Куандыққызы: “М-Ж.Көпейұлы енбегіндегі қазақ шежіресі” деген баяндамасында: “XIX^ф. аяғы мен XX^ф:басында қалыптаскан ауызша тарих баяндау дәстүрі бойынша қазақ шежірелері Адамзат тарихын Адам Ата мен Хая ана жаратылуынан бастайды. Мәшіүр Жұсіп те Әбілғазы да шежіресінің бірнеше нұсқаларын пайдаланып, Адам Атадан Уыз ханға дейінгі тарихты шежіре сипатында баяндайды”, - дейді [3,221].

“Қазақ тұбінде” Ел ханнан кейінгі тарихты Мұхаммед пайғамбар мен Аныс, Ақкөсө сахабалар дәуірі ретінде қарастырылады. Түркі халықтарының тарихында VIII-IX^ф.ислам дінінің таралуы арабтар шапқыншылығымен байланыстырылады. Ал Мәшіүр деректері бойынша, Аныс, Ақкөсө, Имамбай т.б. сахабалардың 92 баулы Қышиқтан шыққан түркілер бабалары екендігін, олардың пайғамбардың туын көтеріп, мұсылман дініне қару күшімен насиҳат жүргізгендерін танымыз. Осы бір тұста Мәшіүр Жұсіп қазақтың арғы ата-тегін осы Аныс (Әнес, Аң) сахабадан бастайтын нұсқаларының тарихы 1874 ж Құнанбай бидің қажылық сапарынан басталатындығын баяндай отырып, осы шежіре нұсқасын арабтың сөзбе-сөз таза генеологиялық тұрғыдан емес, жылнамалық тұрғыдан қарастыру қажеттігін тұжырымдайды”-деген [3,222].

Одан басқа осы шығарма болсын басқа еңбектері негізінде болсын Е.Жұсіповтің “Жасыбай”, “Малайсары”, Л.Жұсіпова мен Г.Көпееваның “М-Ж.Көпейұлы Абылай ханның шығу тегі хақында”, “Ономастиканың этнолингвистикалық аспектісі” деген А.Тұрышевтің мақалалары жарық көрді.

2.1 KІСІ ЕСІМДЕРІ

“Тіл-тілдің өзара бір-бірімен байланысты екі жағы болады:Оның бірі-тілдің сөздік,екіншісі-тілдің грамматикалық жақтары.Тілдің осы екі жағының бірлігінен біртұтас тіл құралады да,айтылатын ой түсінікті болып, тіл нағыз қатынас құралы ретінде қызмет ете алады. Сөз дегеніміз-қыры-сыры мол,құрделі тілдік категория. Сөздің мағыналық, дыбыстық,шығу тәркіні,даму тарихы,қолданылу ерекшелігі,жасалу жолы, өзгермелі жүйесі және басқа алуан түрлі жақтары бар. Сөз айналымындағы зат я құбылыс жайындағы ұғымның өзіне телінген мағынасы да болады. Бірақ ол мағына өзі атайтын затпен я құбылыспен тікелей табиғи байланыста болмаса да, сол ұғымды білдіретін белгі (таңба) я сол ұғымның мазмұнының бейнесі ретінде қалыптасқандықтан, бір тілде сөйлейтін адамдардың бәріне де бірдей түсінікті болады.Тілдегі сөздерді, олардың жүйесін, даму зандарын, қоғамдық тұрмыстың сала-салаларымен байланыс-қатысын, сондай-ақ, жеке сөздердің лексикалық мағыналарын, сөздердің шығу тарихы мен мағыналарының даму, қолданылу өзгешеліктерін лексикалогияғының тексереді.

Лексикалық мағыналары басқа-басқа сөздерді өрі қарай топшылай түсіп,топ-топқа бөліп,олардың әр тобына тән жалпы және жалқы сипаттарын анықтауға болады. Олардың бәрін де заттың атын білдіретін жалпы белгісіне қарай, бір ғана топқа жатқызып, зат есімдер деп, грамматика тұрғысынан топшылауымызға әбден болады. Сөз-тек мағынасы жағынан ғана емес, құрамы жағынан да аса құрделі категория. Сөз қолданғанда әр алуан тұлғалық өзгеріске ұшырады, түрленіп отырады. Ондай өзгеріс, ең алдымен, сөздің морфологиялық құрамында болып отырады [18,5-8].

Енбектің ескерткіштік сипаты, көнелік іздері жалқы есімдер арқылы анық сөзіліп отырады. Есімдер құрамы да әр алуан. Олардың құрамы жағынан, мысалы, қысқаша түрде бірнеше беліктеге бөліп қарастыруға болады:

1 Адам есімдер лексикасының морфологиялық тәсіл арқылы жасалғандары:

- ай,-ей,-й жүрнағымен тоғыз антропоним кездесті:: Шаб-ай, Жаман-ай, Ақ-ай, Алт-ай, Қойқан-ай, Төке-й, Қанай, Алысай, Бөтей.

- лік жүрнағы арқылы жасалған есімдер екі антропоним кездесті :

Кесле- лік, Тұрме-лік.

-шы,-ші,-ше,-ті,-бы,-лы,-лі,-қы,-кі -- қосымшалары арқылы туған тоғыз антропоним кездесті : Қарақ-шы, Қоян-шы, Жанбыр-шы, Бітім-ше, Шек-ті, Жамбы, Дом-бы, Тілеу-лі, Май-қы.

-ыш - жүрнағымен жалғыз ғана Қояныш деген есім кездесті.

2. Жеке сөз табынан жасалған есімдер:

- Зат есімнен пайда болғандар есімдер саны жағынан басқа туынды сөздерден басып озады.

- Негізгі сын есімнен болған есімдер, яғни субстантивтенген он екі антропоним терілді :

Есен, Жабық, Жарқын, Қара, Қасқа, Қоңыр, Сақау, Сасық, Сары, Салпан,

Таз, Шағыр.

- Тұынды сын есімнен болған жеті есімдер :

Бара-лы, Бағана-лы, Жақсы-лық, Қүрен-ше, Құла-тай, Мүйіз-ді, Май-қы.

- Бір сыңары немесе екі сыңары да сын есімнен біріккен елу жалқы есімдер кездесті: Алтынтере, Ақсары, Ақтайлақ, Өтебай, Алтынбай, Сарымырза, Баймырза, Сарыабыз, Қарабай, Ақсары, Асаубай, Жақсыбай, Жансары, Есенаман, Төтенқара, Ерсары, Сарыалып, Қарамырза, Қарабожыр, Нартары, Ақбозым, Шұбартай, Қарақалпак, Аққызы, Ақкөбік, Қосқұлак, Ақкошқар, Ақбура, Ақберген, Ақжал, Қаратілес, Ақтамақ, Ақсопы, Ақдәулет, Ақтайлақ, Асқар, Сарыбел, Сакқұлак, Ақмайдан, Бекмайдан, Тоқмайдан, Қекшекөз, Сарықұл, Байқұл, Қабдімжас, Құрсары, Ақсары, Ақдәулет, Қөпжасар, Санжасар, Мыңжасар, Жұзжасар.

- Есімдік арқылы жасалынған жалқы есімдер төртеу :

Әлдекүн, Қайсары, Қайдауыл, Ешмұхамет.

- Етістіктен болған есімдер:

Көгер, Айдалекел, Сүріпкел, Жәйілмес, Елемес, Өтеген, Жәутен, Өтепберді, Алдаберді, Елтынды, Жортшы, Жауқашты, Ішкен, Есіркеп, Таңболат, Тоқтар, Ақберген, Жатар, Тұрап, Ішпек, Піспек, Құдайберді, Елғонды, Қоскелді, Келдәулет, Құнту, Тоқ, Гілеу, Төлеген, Койбак, Сорыпкел; Сатыпалды, Келден, Тілеуқабыл, Тілеуберді, Қашқын, Қозыбак, Жаубасар, Тілектес, Қатыс, Есенгелді, Андас, Келдес, Оразгелді, Жолболды, Жанболды, Құлболды, Қойбағар, Құдайберді, Майемер, Таусар, Сатылған, Дулат, Қожаберген, Қожамберді, Ермек, Куандық, Коныс, Қоймас.

- Сан есімнен болған он бір антропоним кездесті.

Соның ішінде 5, 6, 7, 8, 50, 80, 90, 100, 1000 сандары негізіндегі есімдер жиі үшірасады. Олар: Бестібай, Бесімбай, Бесмолда, Алтыбасар, Алтықатын, Жетібай, Сегіз, Сегізбай, Елубай, Сексенбай, Тоқсан, Тоқсанбай, Жұзжасар, Мыңжасар.

3. Адам есімдер лексикасының синтаксистік тәсіл арқылы жасалуы :

- **БАЙ** - сөзімен біріккен 95 антропоним терілді : Қырықбай, Орынбай, Жылқыбай, Қорабай, Шалабай, Тоқсанбай, Атыбай, Кенжебай, Жанысбай, Монтакбай, Толыбай, Құдысбай, Үңдықбай, Алшынбай, Нұрбай, Арапбай, Елібай, Жайықбай, Тенізбай, Төлебай, Ботабай, Сәттібай, Қошқарбай, Аманбай, Қөшекбай, Сәтбай, Еділбай, Сазанбай, Кешубай, Есбай, Жарбай, Үрықбай, Есімбай, Қыстаубай, Қордабай, Жарқымбай, Кедейбай, Жидебай, Қазыбай, Қоянбай, Секрбай, Мендібай, Тоқабай, Қалибай, Құттыбай, Құтымбай, Шоқабай, Манашибай, Жаманбай, Бақтыбай, Олжабай, Айтбай, Сегізбай, Бестібай, Алтынбай, Өтебай, Сексенбай, Жолдыбай, Қозғанбай, Нарымбай, Есенбай, Серкебай, Дәүлетбай, Түгелбай, Әділбай, Құндақбай, Еркебай, Қабанбай, Файсабай, Қарқынбай, Кенгірбай, Есілбай, Құнанбай, Өскенбай, Үрғызбай, Оразбай, Қиікбай, Жұндібай, Есімбай, Бесімбай, Тоқсанбай, Еркінбай, Тезекбай, Исалибай, Тұрсынбай, Мәмбетбай, Мәңкебай, Қөлбай, Үкібай, Боранбай, Қарабай, Сүйінбай, Асаубай, Татарбай, Қасқырбай, Жақсыбай, Манамбай, Секербай, Қошарбай,

Майлыбай, Мұрынбай, Ордабай, Тоғамбай.

- БЕК - сөзімен 39 антропоним кездесті:

Ырысбек, Жұсіпбек, Батыrbек, Аманбек, Баубек, Сәдібек, Құлжамбек, Наурызымбек, Найзабек, Сұлтанбек, Әмірбек, Қазыбек, Ерсімбек, Мәдібек, Жұмабек, Әлібек, Әлдебек, Жәнібек, Тұрлыбек, Атымбек, Садыrbек, Қуатбек, Мұсабек, Құрманбек, Қосымбек, Сүйкінбек, Келдібек, Тәнәбек, Сөуібек, Қалибек, Тыныбек, Досымбек, Елшібек, Бегімбек, Құлбек, Ерсімбек.

- БЕТ- сөзімен 30 антропоним терілді:

Жиенбет, Бәйімбет, Қожамбет, Ақымбет, Тәттімбет, Ерсімбет, Жақсымбет, Тілеуімбет, Сырмағамбет, Досмағамбет, Ермағамбет, Мәмбет, Әлімбет, Құттымбет, Құлмағамбет, Сармағамбет, Қозымбет, Әлмәмбет, Жиембет, Мәмбет, Жолымбет, Жорымбет, Әлмағамбет, Нұрымбет, Әжімбет, Сырымбет, Тілмәмбет, Тілеуімбет, Мырқамбет, Мәмбет.

- ҚҰЛ - сөзімен 28 антропоним кездесті:

Ниязқұл, Қоржынқұл, Қожағұл, Бердіқұл, Арзынқұл, Қойғұл, Құдайқұл, Жанығұл, Мендіқұл, Сыбанқұл, Мәмбетқұл, Айтқұл, Мырзағұл, Шаншықұл, Сарықұл, Аманқұл, Айқұл, Байқұл, Рақбанқұл, Жұмағұл, Үрықұл, Есенқұл, Бекқұл, Аққұл, Токқұл, Қожамқұл.

- ТАЙ - сөзімен 15 антропоним терілді:

Әміртай, Амантай, Ботантай, Шұбартай, Құлатай, Тонтай, Сармантай, Құрмантай, Құмбетай, Әміртай, Шорантай, Мұраттай, Дөнентай, Жирентай.

- Әлі - сөзімен 3 антропоним кездесті:

Есенәлі, Деріпсәлі, Қыдырәлі.

- ҰЗАҚ - сөзімен 2 антропоним кездесті:

Байұзак, Жанұзак.

- ЖІГІТ - сөзімен 3 антропоним кездесті :

Жанжігіт, Байжігіт, Ақжігіт.

- МЫРЗА - сөзімен 2 антропоним кездесті:

Сарымырза, Баймырза.

- ТОРЫ - сөзімен 2 антропоним кездесті:

Ерторы, Байторы.

- САЙ - сөзімен 1 антропоним кездесті:

Алысай.

- ҚАЙ - сөзімен бір антропоним болды:

Есмеқай.

4. Көп жағдайда кейілкер есімдерінің алдынан анықтауыштық сөздер қолданылған антропнимдер ұшырасады. Бұл жалпы этнос пен фольклор антропонимдеріне тән құбылыш.

- СОПЫ - сөзімен тіркескен жеті антропоним бар :

Танбы сопы , Мейрам сопы, Ақсопы, Сарысопы, Қарасопы, Арықсопы, Нәдір сопы.

- БИ сөзімен тіркескен он екі антропоним кездесті :

Айдабол би, Жарылғап би, Алшынбай би, Жанақ би, Кенгірбай би, Шоң би, Қойшыбай би, Өмір би, Байдалы би, Тіленші би, Бөлтірік би, Данияр би.

- **БАТЫР** - сөзімен тіркескен жиырма алты антропоним терілді :

Дос батыр, Жидебай батыр, Баянбай батыр, Қыдыр батыр, Жиенәлі батыр, Жапалақ батыр, Алшағыр батыр, Тілеке батыр, Жәңке батыр, Өтеген батыр, Орманшы Бәпке Тайлақ батыр, Жәнібек батыр, Тоқтауыл батыр, Малайсары батыр, Бекше батыр, Төпек батыр, Тілеуқабыл батыр, Қарайғыр батыр, Жәнке батыр, Алтай Жәнәтәлі батыр, Олжабай батыр, Шотана батыр, Байғазы батыр, Тұрсынбай батыр, Бердіқожа батыр.

- **ТӘУЕЛДЕУЛІ, МЕНШІКТІ МӘНДЕГІ ЕСІМДЕР АРҚЫЛЫ ТУҒАН** жалқы есімдер: Қызылым, Жиренім, Жолым, Бесім, Мәжім, Қарам, Сәтім, Қөшім, Бозым, Ташым, Досым, Бегім, Ойым, Айымжан дегендер. Әдетте, жалғаулар сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшалар деп анықтама берілгенімен жоғарыдағы сөздер арқылы туынды сөз яғни, белгілі бір сөз табын тәуелдіктің I –жағының қосымшасы арқылы зат есім жасайтын қабілетін байқауымызға болады.

- **ҚАЛА АТТАРЫНА СӘЙКЕС** кездесетін антропонимдер: Еділ, Самарқан, Орал.

- **ДІН ИЕЛЕРІНІҢ** басты қалаларының кездесуі:

Мадина, Мекке, Түркістан.

- **ЖАҚЫН –ТҰЫС** атаулары :

Ата, баба, әке, бала, немере, шеше, ұл, қыз, бәйбіше, тоқал, жиен, аға, іні, қарындас.

ҰЛТ, ЖҰРТ, ЕЛ АТАУЫМЕН ҚОЙЫЛҒАН есімдер :

Ноғай, Орыс, Қытай.

СҮ АТАУЫМЕН ҚОЙЫЛҒАН есімдер:

Аралбай, Тенізбай, Көлбай, Еділбай.

МЕКЕНІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТУҒАН есімдер:

Қыстау, Қыстаубай, Күзек, Жайлаубай.

ӘЛЕУМЕТТИК ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚОЙЫЛҒАН есімдер :

Малай, Балықшы.

БЕСІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТУҒАН есімдер:

Құндақбай.

- **ҚАЗЫ** сөзімен тіркескен антропонимдер **ҮШЕУ** : Секербай қазы, Қылыш қазы, Тайжан қазы.

- **ҚОЖА** сөзімен тіркескен жиырма екі антропоним кездесті :

Қожа-Мұхаммет пайғамбардың алғашқы халифтердің ұрпағы, мұсылман дінінің өкілі . Болатқожа, Сарықожа, Қарақожа, Ғұмар қожа, Қылышқожа, Шайх Ғұмар қожа, Белқожа, Тоқтар қожа, Айтқожа, Таңсық қожа, Балқожа, Күдері қожа, Бердібекқожа, Аққожа, Ақтамберді қожа, Даракожа, Есімқұлқожа Қосым қожа.

- **ХАЛФЕ** сөзімен тіркескен бір антропоним кездесті : Айтқожа халфе .

- **ПАЛУАН** сөзімен тіркескен бір антропоним кездесті : Қойгелді палуан.

- **ДИУАНА** сөзімен тіркескен антропонимдер екеу :

Шалқым диуана, Файсабай диуана.

- МОЛДА сөзінен тіркескен үш антропоним кездесті :

Тәшкенбай молда, Нұрташ молда, Қали молда

- АҚЫН сөзімен тіркескен төрт антропоним терілді :

Қыпшақбай ақын, Бөрібай ақын, Қабылан ақын, Балта ақын.

- ИШАН сөзімен тіркескен бір ғана антропоним бар : Байзолда ишан.

- ҚАЖЫ сөзімен тіркескен он бір антропоним кездесті :

Нұркен қажы, Тобықты Құнанбай қажы, Қымыл Қыстаубай қажы, Шекшек қажы, Мұхаммед Салық қажы, Ешмұхаммет қажы, Құдияр қажы, Қожахмет қажы, Сұлтанқожа қажы, Жемекқожа қажы, Балқожа қажы.

- ХАЗІРЕТ сөзімен тіркескен бір антропоним болды : Нұрпейіс хазірет.

- ӘУЛИЕ сөзімен тіркескен екі антропоним кездесті :

Әулие – діни наным бойынша адам тағдырына ықпал жасай алатын “касиетті”, киелі жан [тс,89].

“Сол Каракесек ішінде Бегімисық атанған әулие қожа бар екен. Өзі сыйынғанда Сақмар баба деп сыйынады екен. Сақмар баба деп жүргені Шайхан Тауырдың әкесі Шайх Ғұмар баба екен. Соның жұрағатынан шыққан қожа екен”[17,30].

-БАБА сөзімен тіркескен екі антропоним кездесті :

Сақмар баба, Шайх Ғұмыр баба. Шаншарabyз баба.

- ДІНИ антропонимдер :

Махаммед Фали, Адам Ата, Домбы Ата, Нұх пайғамбар.

- ДІН ИЕЛЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР аты :

Құдай, Қажы, хожа, әулие, хазірет, сопы, тәуіп, ишан, хальфе, муфти, молда, халифа, сақаба.

- ЭТНОТОПОНИМДЕР :

Қазақ, Қалмақ, Татар, Сарт, Орыс, Араб, Түрік, Қырым.

- РУЛАРДЫҢ АТЫ: Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қанжығалы, Тобықты, Қыпшак, Конырат, Таракты, Қозған, Қаксал, Қаржас, Құлік.

Жоғарыдағы жіктелініп көрсетілген жалқы есімдер, оның ішінде кісі есімдері жайлы әнгімелескенде, жалқы есімдердің мағынасы жайлы мәселеге тоқталмай кетуге болмайды. Жалқы есімдердің басқа зат есімдерден үлкен ерекшелігі – олар кісінің, заттың атауын білдіруінде. Бірөңкей заттар ішінен жалқы есім тек біреуінің ғана атын білдреді. Яғни, Томановтың пікірінше : “Егер жалпы есімдердің бір тобы – апеллятивтерді қолданғанда, зат жайындағы ұғым оның ерекшеліктері жайлы ұғыммен астасатын болса, жалқы есімдерді қолданудан мұндай ерекшелік байқала бермейді. Оның себебі – жалқы есімдер әбден абстракцияланған, қолдану процесінде атау ретінде санада әбден орнықкан сөздер. Мысалы, Ахмет, Жайық тәрізді жалқы есімдер контекспен астаспаса тындаушы санасында белгілі бір ұғым, хабар туғызбайды. Сондықтан сөздердің білдіретін мағынасы олардың сыртқы пішінімен (табиғатымен) сай келмейтіндегі жайындағы қалыптасқан көзқарасқа сүйеніп, бірсыныра тіл мамандары жалқы

есімдер жайлы айтқанда, жалпы сөз атаулының белгілі бір ұғымды білдіретіні жайлы философиялық қағиданы еске алу керек болады. Білудің негізі бір өнкей заттардың жиынтығы болуы да, бір ғана зат, құбылыс болуы да мүмкін. Білудің нәтижесі болып табылатын ұғым бірде бірөңкей заттардың жалпы атауы – жалпы есімдер ретінде орнықса, бірде жеке, дара заттың атауы ретінде көрінеді. Ал, ұғым қашанда кісінің зат, құбылыс жайлы білімдерінің жиынтығы болып табылады. Сондықтан да жалпы есімдер сияқты, жалқы есімдерді айтқанда адам ойында олар жайлы қалыптасқан ұғымдар еске алынады. Айтальық, “Ахмет” жалқы есімін айтқанда, оның “Оспан” еместігі еске алынса, “Жайық” есімін атағанда, оның “Волга” еместігі есте тұрады. Осы ерекшелік аталған сөздер тобының да, басқа зат есімдер сияқты, белгілі, қалыптасқан ұғымдарды білдіретіндігін дәлелдейді. Қаратпа қызметіндегі жалқы есімдердің осы мағынасы сейлем құрамының грамматикалық мағынасымен ұласып, сөз арналған адресатты білдіру мәніне ие болады [19, 536].

“Тілдің өзіндік өзгешелігі – затқа ат кою, ол аттарда бір-бірінен айыру. Мысалы: жылқы – түйе емес, қой – сиыр емес, сиыр – жылқы емес. Атаулардың мағынасын осылайша айруды – сигнификация дейміз. Әр нәрсенің өзін жеке көрсету, даралап айту қасиетіне ие болған сөз – зат, сипат, құбылыс аттары болып қалыптасқан. Бұл аталғандар – тілдің негізгі өзгешеліктері. Тілдегі осы айтылған ат кою мүмкіншілігін номинация дейміз. Тілдің бұдан басқа тағы бір негізгі қызметі – хабар беру. Оның бұл өзгешелігін коммуникация дейміз. Оның мағынасы орысша – общение, қазақша қауымдасу, хабарласу дегенді білдіреді. Номинация – атау, номинат – ат, номинатив – атаушылық. Номинатив функциясы – стабил (тұрақтылық). Мысалы, өсіп тұрған ағашқа күн сайын жаңа ат қойып отырсақ, номинатив функциясына қайшы келер еді” – дейді. [20, 98].

Осы мәселе жөнінде Қ.Жұбанов мынандай ой-пікірлерді айтады: “Номинатив сөзді бір-бірінен айыру үшін ат қоямыз. Атты неге қоямыз? Оны заттардың өздері жоқ жерде сөз кылу үшін қоямыз. Нәрсенің, сипаттың бәрін түгел қасымызда болса, онда сөзді шағын қылмай-ақ ымдалап өте шығар едік, сонымен де бірталай хабар берер едік” [20, 98].

Одан әрі ойын құрделендіріп: “ жалқы есімдерде жуықтық тенденциясы өте аз. Ал басқа сөздер, өсіресе, жалпы есімдер ондай емес. Жуықтық тенденциясы сөздің түрлі қалыпқа түсін түсайды. Сондықтан жалқы есімнің аз өзгеретін себебі оның сөз бен сөзбі айырып, неғұрлым ұқсатпау мақсатына байланысты. Ағайынды кісілердің аттары бір түбірлі сөздерден болуы шарт емес. Бұлардың грамматикалық жағынан бірдей таңбалануы да шарт емес. Өйткені сөздің жақынның таңбалалау мақсат емес, қайта олардың басқалығын білдіру шарт. Сондықтан жалқы есімдер аулактық тенденциясымен тез үйлеседі. Соның нәтижесінде жалқы есімдерден болған сөз түбірлері өзгеріп отырады; кездейсок түрде ұшыраған дыбыс басқалығы жалқы есім үшін сирек нәрсе. Екі түрлі айтылып кеткен бір жалқы есім кейде екі кісіге ат бола кетеді”- дейді[20,104-105].

2.2 ЖЕР-СУ АТТАРЫ

Шежіредегі барлық топонимдерді төмендегіше топтадық:

- ЕЛДІ МЕКЕН атаулары: Ешкіелмес, Қонырбұқа, Сыр, Қыр, Қаратал; Сарысадақ қонысы, Шидерті, Қараайғыр шаты, Даңба сыртындағы Жайма ақтөре деген жер. Шақтимес, Ханқашты, Құрық деген жер. Жиделібайсын, Қызылжар базары жаксы Даңба, Жаман Даңба, Қоянды Шотана тасы, Дегелен –(жер), Ақмола дуаны, Ақшатау болысы, Тата, Атбасар, Жақсият, Құрман-Догалаң, Құрман тұзы жері, Келден қыстауы, Қазанғап асуы.

- СУ , БҰЛАҚ , КӨЛ , ӨЗЕҢ атаулары: Ақкөл, Еділ, Нұра өзені, Темірсу бойы, Телі кел, Шу, Сарысу, Жарлықөл, Қарағайлыхөл, Нұралының Қарасуы атанған, Тайбай көлі, Сырдария, Дағанделі өзені, Жетісу, Сілеті, Саумалқөл, Сарысу, Жайық, Қарағайлы бұлағы, Ащықөл.

- КӨПІР , ӨТКЕЛ , ӨЗЕК атаулары: Қараөткел, Ағашкөпір, Жолдызек.

-ТАУ,ТАС атаулары :
Кызылтау, Қаратай, Қарқаралы, Ақшатау, Көкшетау, Ереймен, Алатау, Алтай, Желдітау, Duана тауы, Ақтау, Ортау, Шетеке тасы, Қазығұрт.

-ҚАЛА атаулары :

Семей, Омбы, Түркістан, Тысырап, Аштарқан, Саратып, Ақмола, Аягөз, Самаркан, Сарыарқа, Кереку, Баянаула.

- МЕМЛЕКЕТ атаулары: Алтын Орда, Қытай, Бұхар, Орыс, Қырым, Араб.
Адам есімдеріне байланысты туған жер аттары: Құрман тұзы, Едіге қыстауы, Нұралы қарасуы, Шотана тасы, Қазанғап асуы, Домбы ата сайы, Нұра өзені.

- АЙҚЫНДАУЫШ ҚҰРАМДАҒЫ топонимдер :

Аккүм-Қоскопа, Жиделібайсын. Некронимдер : Мола сөзімен тіркескен некронимдер: Түйте тәуіп моласы, Есенаман Жарқын моласы, Ақкісі моласы, Қазыбайдың қарамоласы, Қарашар Бақылбайдың қара моласы, Ақкөсө сахаба моласы, Мәшіреп күң моласы.

-ТАМ сөзімен тіркескен некроимдер :
Каракесек Қожантай тамы бар; Каракесек Жолшора тамы; Тіленші тамы; Алшынбай тамы, Арай тамы, Қозы Көрпеш - Баян тамы, Мұстафа тамы, Жидебай тамы.

3 М.Ж.КӨПЕЕВТІҢ “ ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІНІҢ ” ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Этнолингвистика (грек. ethos – халық, тайпа және лингвистика) – тілді мәдениетпен, тілдік, этномәдени және этнопсихологиялық факторлармен байланыстыра қарастырылатын тіл білімінің бағыты. Кең мағынада, этнолингвистика – мәдениетті, халық психологиясын, мифологияны лингвистика (тіл) арқылы зерттейтін кешенді пән. Этнолингвистика семантика мәселелерін де

қарастырады. XX ғ. 70-80жж. Фольклористикаға назар аударыла бастады, зерттеулер тіл мен мәдениеттің өзара байланысын ашуға бағышталды. Әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, этнография шеңберінде тілдердің тарихын зерттеу көзделді, ол үшін сол тілде сөйлеушілердің этникалық (ұлттық) тарихын зерттеу қажет болды. Тіл мен мәдениеттің арақатынасыны шеңберінде болатын түсініктерді (мағыналарды) анықтау, тілді белгілер жүйесі деп танудан туындастын мәселелерді шешу жөне т.б. этнолингвистика пәні қарастырады. [9,169].

Бұл мәселе жөнінде М.-Ж.Көпееvtің еңбегін өзірше тілдік тұрғыдан жалғыз өзі ғана зерттеп жүрген А.Тұрышев былай деген еken : “Этнолингвистика – халықтың тілін, әдет-ғұрпын, салт – санасын, дінін, мәдениетін рухани бірлікте қарастыратын жаңа қалыптасып келе жаткан ғылым. М.-Ж.Көпееев: “Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы құнгемен казактың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында, өулиелік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың бәрі жақсы болып, өулие болып өткен”. Бұл-этнолингвистика туралы айтылған алғашқы пікір деп білеміз. Тілді халықтың әдет-ғұрпы мен байланыстыра зерттеу XVIII ғасырдың соңғы жартысында өмір сүрген неміс жазушысы және әдебиетшісі Иоганн Бердердін (1744-1803) поэзияға байланысты зерттеулерінде, одан кейінгі кезде Вильгельм Гумбольдт еңбектерінде кездеседі. Бірақ, тіл мәселесін мәдениет, әдет-ғұрпын, салт-санамен байлансты зерттеуге ерекше көніл бөлу, оны тіл білімінің күрделі проблемасы ретінде қарau XX ғасырдың 20-30 жылдарында белең алды”- деп тұжырымдайды. Одан әрі этнолингвистиканы қазақ тіл білімінде соңғы кезде акад. Ә.Қайдаровтың жетекшілігімен қолға алынды деп төмендегіше еңбектерді жіктейді: “Қазактар: ана тілі әлемінде” атты 4 томдық этнолингвистикалық сөздік; осы бағыттағы диссертациялар: Ж.Манкеева, С.Сатенова, А.Жылқыбаева, Б.Уызбаева, Қ.Аронов, М.Мұсабаева, Қ.Ғабитқанұлы т.б. жүргізіліп жатқан зерттеулерінің маңызы зор. Атап өтсек, қару-жарак атауларын зерттеген Т.Байжановтың, зергерлік өнерге қатысты лексикасын зерттеген Р.Шойбековтың, тамақ түрлеріне қатысты терминдерді зерттеген А.Жылқыбаеваның, халық космоним атауларын зерттеген, Қ.Ароновтың Сейітова Шынардың өсімдікке байланысты зерттеулерін жатқызуға болар еді. Ф.ғ.д. Жанпейісов Ербол Нұрпейісұлының М.Әуезовтың шығармаларының материалы негізінде жазған қазактың мәдени лексикасын тарихи-лингвистикалық тұрғыда зерттеген еңбегінің орнын ерекше атап өтуге болады. С.Жанпейісова “Кейбір тұрмыс-салт атауларының этнолингвистикалық сипаты”. “Этнолингвистика” арнаулы курсы – қазақ тілі оқытушыларын методикалық жағынан дайындау” деген мақаламызда “этнолингвистика” жөнінде айтқамыз. Ф.ғ.д., профессор: Копыленко М.М. “Основа этнолингвистики” еңбегінің берер тағылымы зор. Этнолингвистикалық көріністер ауыз әдебиетінен бастау алып, қазақ зиялыштарының да еңбектерінде XIX-XX ғ. айтылып өтті. Ш.Уәлиханов “Қазақ оқ дәрісінін құрамы”, “Егіншілік туралы”, “Қазақ молалары

мен жалпы көне ескерткіштері жөнінде”, “Қазақ шежіресі”, “Қазақтардағы шамандықтың қалдығы”-дейді [21, 20].

3.1 РУ-АДАМ АТТАРЫНЫҢ КЕЙБІРІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Есімдер сөздік қорға енуші бай саланы құрайды да, жалпы халықтық сипатқа енеді. Тілдегі сөздердің барлық салаларының ішкі зандаулығына сүйене дамиды. Қазақ есімдері арқылы халқымыздың өткен өмірі мен мәдениетін, тарихы мен географиялық мекенін, таным түсініктері мен қалау тілектерін аңғарасын. Шежіредегі есімдердің жасалу қабаттарының негізінде лексика түрғысынан тәмендегідей лексика-семантикалық топтарына жіктеуге болады:

1. Мал шаруашылығы мен байланысты есімдер;
2. Аңдар мен құстарға, жәндік пен түрлі мақұлықтарға байланысты туған жалқы есімдер;
3. Табиғат құбылыстарына байланысты есімдер;
4. Асыл металдар мен қымбат заттарға байланысты туған жалқы есімдер;
5. Өсімдік, тал, ағаш аттарымен байланысты туған есімдер;
6. Туыстық атаулармен қойылған жалқы есімдер;
7. Космос планеталарының атымен байланысты туған жалқы есімдер;
8. Балық көсібіне байланысты есімдер;
9. Үй жиһаздары мен мұліктеріне қатысты есімдер;
10. Қару-жарап аттарынан туған жалқы есімдер;
11. Музыкалық аспап атымен қойылған есімдер;
12. Әскери киім негізінен туған жалқы есімдер;
13. Ай, күн, жұма аттарына байланысты туған жалқы есімдер;
14. Асханалық заттарға байланысты қойылған есімдер;
15. Ұлттық киімдер негізінде туған есімдер;
16. Дене мүшесіне телініп қойылған есімдер;
17. Ұсак-түйек, керек-жарапмен қойылған есімдер;
18. Екі-үш түбірдің бірігүі арқылы жасалған зат есімдер т.б.

Енді осы жіктеменің әр жігіне жеке есімдердің кейбірін талдау арқылы дәлелдейік.

1. Мал шаруашылығына байланысты есімдер:

Мал шаруашылығына байланысты есімдердің кездесуін көшпелі халықтың тірлігіндегі маңызды роль атқарғандығын тәптіштеп жату артығырақ болар. Тағдырын табиғат-анаға тапсырып тылсым күштің түрлі алапатына тәсін тосып малын да, жанын да аман сақтау – халықтың өмірін, үрпағының жалғасын сақтаумен тең деп түсінген. Сол себепті төрт түліктің пірлеріне сыйынып, медет тілеген. Осының нәтижесін тәмендегі есімдермен иландыра аламыз. Түйе малына байланысты 9 есім кездеседі. Олар: Тайлак, Ақбура, Тоқбура, Ақбота, Ботантай, Нартары, Ботақан, Нарбота. Енді осы есімдердің кейбіреулерінің этимологиясына

токталайық. Тайлак – ботадан үлкен 2 жасар түйе атауы. Ботаны басқа тұлектерден ерекше көріп, туысымен шымылдықтың арғы жағына жасырып кырық күнге шейін жан көзіне көрсетпей нәресте баладай күтім жасаған. Ботаның сүйкімді де әдемі сымбатына еліктеп келешектеріне әдемілікті тілеу мақсатында көп есімдерді қойған. Түйе малының жасына қарай: бота, тайлак, буыршын, буырлыш, інген, атан, бура деп атайды деп жазады Н.Уахитжанова [22,60-61]. Ботантай – түбірі бота + н + тай деп талдауымызға болады. Түбіріне екі қосымша жалғанған : -н- дыбысы туралы И.Кеңесбаев былай дейді : “Фонема н образуется в результате тесного соприкосновения кончика языка с альвеолой; при этом фонационный воздух проходит через полость носа, вследствие чего н именуется носовым сонарным”.

Данная фонема встречается преимущественно внутри и в конце слов: түн(ночь), мен(я), жөн (направление). В начальной позиции и чаще всего наблюдается в заимствованиях из других языков: нөкер (свита), нокай (из монгольского)-шалопай, нөр (из арабско-персидских языков)-пища. Тем не менее имеется ряд исконно казахских слов, начинающиеся с н (нар). Иноязычные происхождение большинства слов с начальным н наводят на мысль о их небольшом удельном весе в раннем периоде развития тюркских языков. Из аффиксов данная фонема встречается в падежных окончаниях (в родительном: бала-ның-ребенка, күн-нің-солнца).

Фонему н в личных и указательных местоимениях (мен-я, міне-вот) известный тюрколог С.Е.Малов предположительно считает поздно развившимся в них ингредиентом. Такую гипотезу мы допускаем в отношении возникновения н в словах маған-мне, бұған-этому (обо стоят в направительно-дательном падеже). [23,290]

Сондай-ак жарандар сөзінің түбірін жар деп алады да, -а(-н)-ды иран тілінде көпші мағынаны білдіреді дейді. Монгол тілінде біз деген есімдігі бидн(мадн), сіздер есімдігі тадн деп айтылады дейді [23,43].

А.Ысқақов: Қазіргі түбірлердің бәрі де-лексикалық және дыбыстық жақтарынан тұрақты бір бүтін тұлғалар. Ол түбірлер практикалық тілде жеке дара сөз ретінде де, жаңадан әр алуан сөздер тудыратын негіз ретінде де жұмсала береді. Бірақ тарихи тұрғыдан қарағанда, түбір бірте-бірте мағына жағынан да, дыбыстық жағынан да дамып қалыптасады. Мысалы, қазіргі кез тұрғысынан алғанда, жоғарыдағы жақ, жан, жалын сөздері-түбір сөздер. Ал, тарихи тұрғыдан алсақ, осылардың бәрі де-туынды сөздер; өйткені жақ, жан, жалын сөздері –к, -н, -л-ың қосымшалары арқылы бастапқы жа деген түбірден туған. Демек, ерте замандарда түбір есебінде қызмет еткен бұл морфемалар кейінгі замандарда көнеріп, туынды сөздердің құрамына еніп, ол құрамнан бөлінбейтіндегі күйге жеткен де, жаңадан сөз тудырлыштай түбірге айналған. Осындай көнеленген сөздер көнеленген түбір деп аталады дейді [18,88]. –тай- еркелету, кішірейту мағынасын туғызуши эмоционалды реңкті жүрнек. Бұл туралы К.Баянқол, А.Жылқыбаева: “-Шік қосымшасы сияқты экспрессивтік, эмоциялық

ренк туғызатын қосымшалар қазақ тілінде аз емес. Оған мысал ретінде –шак// -шек (құлыншақ, інішек) --қай// -кей (балақай, жаланқай), -мак// -мек (жетімек), -тай// -тей (құрымтай), зіңгіттей, -ай// -й (ағай, түштақай, шошақай) –так// -тек (женілтек), -сымак (жетімсымак) –сақ (жарамсақ), -соқ (кездейсок), -сек (келімсек), -ш (сөулеш, тыраш) т.б. қосымшаларын келтіруге болады”- дейді [16, 172-173]. Ботаның сүйкімді әдемілігімен қоса ақ тісі ерекше аян бергендіктен осы негізде өз балаларының ақ өрі әдемі болсын деген тілекпен Ақбота ірі тұлғалы ер балалар болса Нарбота, Нарторы, Ақбура деген есімдерді теліген. Ботақан біріккен есімдегі бота-түйенің төлінің аты.-қан қосымшасы туралы: “Казахский послелог ограничения фана, известный как суффикс уменьшительности еще из древних памятников в форме қына, қынья, в усеченном виде (без конечного а) употребляется в казахском как суффикс уменьшительности – ласкательности (-қан,-кен), как это видим из ботақан(верблюжонок), бұзауқан(тленок),бала-қан (сынок) и т.д. [20,440].

Шежіредегі жылқы жануарына байланысты есімдер бар. Олар: Тұлпар, Құлік, Құнан, Жылқайдар, Жылқыбай, Тайгелді, Құлатай, Жабағы, Жирентай, Асаубай, Ерторы, Қарайғыр, Дөнен, Дөнентай, Шұбартай деген сияқты жылқы малына байланысты қолданатын сын есімді түрдің түсін білдіретін сөздер арқылы зат есімдер жасалған. Жылқы малын жасына қарай: құлын, жабағы, тай, құнан, байтал, дөнен, құлық, бесті, бие, ат, сөурік, айғыр деп атайды [22,61]. Жылқайдар, Қарайғыр деген біріккен тұлғалы жалқы есімдердің құрамында екі дауысты қатар келгендейтін ы, а дыбыстары түсірілген. Бұл жөнінде Н.Оралбаева мен Э.Абылақов : “Біріккен сөздерден жасалған кісі аттарының құрамында екі дауысты қатар келгенде, бірі түсіп, айтыптынша жазылады. Мысалы, Торайғыр, Кожахмет [24,40]. Жылқы сөзі – төрт тұліктің бір түрінің атасы. Жабағы –сөзі туралы М.Қашқари: “ бұл есім өүелгіде көне түркі тілінде ебғу – патшаның, ханның орынбасары деген сөз дейді [25,356]. Сонымен қатар жылқы малының тегімен аты шыққан түркі тілдес халықтардың бір жасар құлынды атағаны белгілі. Екіншіден, көшпелі халықтың төрт тұлікті қастерлеп ішсе сүтін, мінсе көлік етіп, тіпті тері түбіті мен қылышық жүніне дейін өндіре алған өнерлі екендігін білдіретін түйе мен қойдың екінші жылғы жүні деген мағынаны білдіретіндігі аян. “Дөнен – монғол сөзі 4 жасар еркек ат. Құнан – монғол сөзі 3 жасар еркек ат [20,438]. Асаубай екі сөзден біріккен есім. Асау-сын есімді сөз, жылқы мінезін білдіретін, көнбейтін, ырық бермейтін басына нокта кимеген мал деген мағынаны білдіреді. М.Қашқари сөздігінде: окуш-деп берілген.–бай-түркі халықтарының тілінде “мол” деген сөз дейді [25, 53]. Сонда дүниесі мол, ауқатты, әлді адам деген мағынаны білдіреді. Сонда осы сөздердің ішіндегі “әлді” деген сөз мағыналас келеді де әлді, күшті, ырық бермейтін қиянқы бала болсын тілекпен қойылған есім деуге болады. Екіншіден, ешкімге жеткізбейтін есті болсын деген мақсатпен қойылған ат екен. Жылқыбай деген ат та осы іспеттес, яғни жылқысы мол, көп болсын дегені. Ер жігіттің қос қанаты, сұңқары мен тұлпары деп есептеген. Оны сан мың жылқыдан жанылмай танығандығы осы халықтың тағы бір басты

ерекшелігі болатын жігіттің сұнқары, жылқының тұлпары деп ерекше ықыласпен айрықшаланатындықтан балаға Тұлпар деп ат қойған. Күлік – қырғызша жүйрік деген мағынаны білдірген тұлпардың синонимі. Тұлпар деп ерекше бітімі озып шығып бәйге әперерлік жайы бар жылқы түрін атайды. Жүйрік сөзінің этимологиясын А.Тұрышев белгілі таратады: “ жүйрік-juri-juru-қазақ тілінде жүр-жүру сөздері көне juri сөзінен туған.judruv -/скакун, рысак/ сөзінің бастапқы j – дан ж-ға, r-ның й-ге айналуының нәтижесінде қазақ тіліндегі жүйрік сөзі пайда болған дейді.[26,161-163]. Кіп-кішкене нәрестеден зор үміт күтіп, ертеңгі ошағымның иесі малымның панасы деген үмітпен туған Жылқайдар, Малқор, Малбағар деген етістік негізінде жасалған зат есімдер кездеседі. Дүниеге Тайгелді, Құлыншақ келді деп те ат қойған. Тай деп төлдің жасын анықтаушы сөз ретінде екі жастағы төлді атайды. Құлыншақ – Құлын – жылқы малымның төлінің еметін кезіндегі алғашқы күннен бастап бір жылдық жасын атайды. –шақ- кішірейткіш мәнін үстейтін жүрнақ. Шак- жүрнағы шаған, шаға формаларына жуықтайды. “шаға”- қырғызща бала сөзін береді. Яғни кішкентай төл деген сөз. “Сөйгүлік сөурік сәуірі түбірлес сөздер сияқты. Сай саі түріктер, түрікмендер , қырғыздар тағы басқа түрік тілдерінде күшті, адал, мықты, танымал, белгілі деген мағынаны білдіреді. Көне түркі тілінде: Kulig – белгілі ,атақты, әйгілі деген мағынада қолданылады (Малов.др.письм) хакс тілінде кулук -- әдіской ,әбжіл жылпос, іскер куле (кулирге) – аяқты алма кезек ауыстырып басып тұру.Көне қыпшақ,тілінде kulig (kvlic) – тез,шапшан ,жылдам монғол тілінде хөлөк – ат, атжеккен арба, көлік хөлөк –лөк –атпен ,көлікпен жүрү ,қырғыз ,үйғыр т .б күлік сөзі осы мағынада. В.В.Радлов: саурук (Rir.Bdg) жеребенокъ 4-5 лъть,котораго предполагается легчить немесе сулык -- кобыла деп түсінік берген . Бірақ, кей деректер басқа қырынан қарастырады.Мысалы: К.А.Новиков: “Некоторые китайские названия животных входят в состав сложно сокращенных слов маньчжурского писменного языка, обозначавшихся в результате слияния в одну лексическую единицу китайских и маньчжурских компонентов с одинакого или различным первыми из слогаемых компонентов и выступают, как и маньчжурский компоненты, чаще всего в сокращенном виде...маньч.Гилук морин аргамак, гилук<кит.цзи –скакун+маньч [ку] лук –выносливый конь”- дейді.Осы айтылғандардың сәй ~ сай күрделі сөзде сәйгүлік ~ сайгүлік ~, сай тұлпар, сайбудан қытайдың цзи есіке түсірініз семантикалық мағынасы дәл келеді. Ал, екінші компонент – күлік қазақ тілінде сәй ~сай-мен байланыссыз да қолданатынын М.Жүсіптін тілінен көріп отырмыз. Осы мысалдардан күлік сөзінің жеке қолданыста да “арғымақ” деген ұғымда сәгүлік құрамындағы мағынасын жоғалтпайтыны байқалады. Күлік сөзі басқа да мағынаны береді: Салс: көн.турк. kulug ‘танымал, белгілі’, kulug bilga ‘әйгілі акылды’, boldun kulug ‘танымал болды’.(ДТС, с.326), кулуг1) ‘әйгілі , танымал,’ 2) ‘батыр,’ тел., алт. Кулык ‘батыр’, саг., койб., кирг., үйғ., чағ., кујук 1) ‘батыр’ , 2) ‘шабатын ат’, шор.Кулык –кулық ‘шапшан, жылдам, оза шабу, бас үйренген.’В.В.Радлов kylyk сөзін kylykпен салыстырады. Сол сияқты ол kylyk сөзін ку-луг шығуы мүмкін”-

дейді [5,162].

Кіп-кішкене нәрестеден зор үміт күтіп, ертеңгі ошағымның иесі малымның панасы деген үмітпен тұған Жылқайдар, Малқор, Малбағар деген етістік негізінде жасалған зат есімдер кездеседі. Дуниеге Тайгелді, Құлыншақ келді деп те ат қойған. Тай-деп төлдің жасын анықтаушы сөз ретінде екі жастағы төлді атайды. Құлыншақ – Құлын – жылқы малының төлінің еметін кезіндегі алғашқы күннен бастап бір жылдық жасын атайды. –шақ- кішірейткіш мәнін ұстейтін жүрнақ. “Шақ- жүрнағы шаған, шаға формаларына жуықтайды. “шана”- қырғызша бала сезін береді. Яғни кішкентай төл деген сөз. Қ.Жұбановтың “шана” сөзінен (-шак//шек) пайда болған деген дерегіне сүйене отырып талдайды. Ол шаған > шаға // шағын // шеген// шегін > шақ // шеек // шық // шік > ша // ше болып ықшамдалған, қынья // қына // ғана// қана // кене // қан // кен (кіш- маленьки) > кіш + кене (малюсенький)-кай // -кен қыскарған кішірейткіш жүрнақ, кіш+кен+тай (-тай (-тай) қосалқы кішірейткіш жүрнақтың қосылуы, біті- ғана (азғана) (бітімдей // биттей болып өзгеді –А.Қ.) біті - өлі түбір (кішкене, бала) дегеннен құралған, тат., іші – біті (ұсақталу);чув., ыдайы –быдайы (балашаға деген сияқты – А.Қ.) монғ., біші – кен, біші – хан (кішкене, аздау) түрлері кездеседі екен, шаға (а) шақ болып қыскаруы, ғ ұянның қ қатаңға айналуы тіл арты дыбыстарының өсері болмаса түбірдің соны формальды элементке ауысуы өте сирек құбылыш дейді. Мысалы, мын//мін (І ж. жалғау м (мен) болғаны сияқты деген көрсетеді. Ал, мөғ. Аяғы – қаз. аяқ; монғ.-екіре қаз.-егіз; монғ.-ере – қаз.-еркек т.б. шаға-шық болған дейді[25,349]. Қазіргі монғол тіліндегі жаал – сәби, кішкентай бала, жаалхан, жаахан – кішкентай деген сөздерді еске алсақ бала-шаға деген мағыналары бір-біріне жуық сөздерден құралған деуге болады: бала – жаахан // шаға. Сол сияқты қазақ тіліндегі шағын (шаға + ын) деген сөзді де сол монғол тіліндег жаахан сөзіне байланастыруға болады”-дейді[26,207]. Ә.Төлеуов: Қазақ тілінде шақ бар да, шаға жүрнағы жоқ. Сондай-ак бала шаға тәріздес қос сөздерде шаға дербес бала мағынасында қолданылмайды, тек тіркесте, қос сөз компонентерінде (сынарында) ған жүреді, сонда мұның айырмасы – дыбыстық жағында. Шаға сөзінің аяғында ашық дауысты дыбысы бар да, жүрнақта ол жоқ. Екінші жағынан, дауысты дыбысы түсіп қалса, жүрнақтың соңғы қатаң қ дыбысы болмай, ұян ғ, г дыбыстарының бірі болу керек еді, бірақ олай мес, оның себебі – қазақ тілінің байырғы төл сөздері – ұян дауыссыз ғ, г дыбыстарына бітпей, оның сынары қатаң қ, қ дыбыстарына айналуынан. Шаға сөзінің аяғында ашық дауысты дыбысы бар да, жүрнақтың соңғы қатаң қ дыбысы болмай, ұян ғ, г дыбыстарының бірі болу керек еді, бірақ олай мес, оның себебі – қазақ тілінің байырғы төл сөздері – ұян дауыссыз ғ, г дыбыстарына бітпей, оның сынары қатаң қ, қ дыбыстарына айналуынан. Шаға сөзінің дыбыс жағынан өзгеріске түспей, ескі (шака) формасын сақтаған түрін қазіргі үйғыр тілінен көрүінізден болады. Қ.Жұбанов шаға (кішкентай бала) сөзінен шақ жүрнағы пайда болғанын, шаға (зат атаяу), шақ (жүр.) бірдей қолданылғанын айтады. Ол шаға сөзін шақ кішірейткіш жүрнақ ретінде ғана қарастырады. Ал, шаға сөзі бірден “бала” деген ұғым бермегені байқалады

деп бір табан жақындаиды. [20,349-351]

Қарайғыр – екі түбірдің бірігүйінің нәтижесінде қазақ тілінің ұнdestіk занына негізделе “а”-дыбысы түсіп қалған. Алғашқы сынары “қара” аттың түсін білдіретін сын мағынасындағы сөз, айғыр сөзі жылқының үйірін ұстайтын ерекек мәлді атайды. Айғыр сезінің өзін екі түбірден жасалынған біріккен сөз деп карастыруға болады. Ай және ғыр деп, Бұл сөз “Орхон – Енисей” ескерткішінде де М.Кашқаридан да “адғыр” деп дыбысталады екен. Мұны : Жұбанов : хакас тілінде “адсыр-асқыр”, якут тілінде – аты:г ;чуваш тілінде “айар” дейді [19,448]. Осы тілдердің бәрінде де қыпшак тілі екендігін топтастырлық “ай” сөзі ғана дыбыстық жағынан сәйкесті, сондықтан түбірін ай деуіміз занды. Ат –деуіміз якут тілінің нормасынан алынған болуы керек. Сөздің екінші белігін “ – ғар, қыр-ғыр- дыбыстық варианттылықтың жемісі, чuvаш тілінде ар, қазақша –ер – ерекек деген мағынаны білдіреді [20,448]. Ендеше, ай – ат, ғыр –ыр – ерекек яғни аттың еркегі, ерекек ат деген сөз. Ер балаға елін басқарушы қолбасшы болын деп қараторы бөпелерін атаған болар деп жорамалдаймыз.

Төрт түліктің ішіндегі сиыр төлін “қара мал” деп оған басқа түліктердей ерекшелемеген. Байлық деп санамаған да. Көбіне байлықты сөз еткенде пәленбайдың пәлен түйесі, пәлен жылқысы, сансыз қойы болған екен деп дәріптелген екен. Бірақ сол қара мәлдің сүтінен түрлі ас әзірлең тірлігіне ұқсатқаны белгілі. Еркелету мағынасында “ботақаным”, “қошақаным”, “құлышағым” дегенімен де сиыр төлімен атап еркелетпеген. Дегенмен де адам есімдері жасалған екен. Олар: Мәлік, Өгіз, Өгізбай, Бұқабай, Бұқа, Тана – екі жасар баспақ – сиыр малына аталып қойылған есім. Сиыр малын жасына қарай: бұзау, баспақ, торпақ, тана, тайынша, кашар, құнажын, дөнежін, сиыр, өгіз, бұқа деп атайды [22,61]. Өгіз сөзі туралы И. Кеңесбаев былай дейді : “В данном случае наблюдается чередование р – з ; егіз, огуз, өккүз и өкір – бык ; в казахском өгіз өкірді – бык мычит ; көр, гөр – видеть ; слепой, көш, гөз – глаз и др. [23 ,43].

“Қойдан жуас момыным, көш бастайтын қонырым”- деп өлеңдеткендей қой - ешкі төліне байланысты есімдер де барышылық. Қойке, Қаратеке, Қотан, Қойғұл, Козыбай, Секербай, Қойбағар, Аққошқар, Қойбас, Қойлыбай, Қойшыбай, Козыбак, Қошқар, Қойгелді, Қойтан, Қойсары, Қошқарбай, Қашаған, Қозыбек, Қойсоймас. Қой малын жасына қарай: қозы, көбекен, марқа, көрпеш, тоқты, бағлан, тұсақ, көбей, көбе, ісек, азбан, ақауыз, кошқар, саулық, қой деген бірнеше аттары болады екен [22,61]. Қойгелді, Қойғұл деген біріккен жалқы есімдерінің алдыңғы сынарлары үнді й дыбысынан аяқталғандықтан қатаң к дыбысы ғ-ге, қ дыбысы ғ-дыбысына келді-гелді, құл-ғұл деп өзгереді. Н.Оралбаева бірге жазылатын сөздер туралы: “ Біріккен сөздердің алдыңғы сынары дауысты, үнді, ұяң дыбыстарға аяқталып, қатаң қ, қ дыбыстарынан басталатын оның екінші сынары ғ, ғ болып айтылса, айтылуы бойынша ғ, ғ болып жазылады. Мысалы, Амангелді, Нұрғожа т.б.[24,38]. Қошқар – қой тілінің еркегі, қош + қар сезінен жасалған. Түркімен тілінде қойды “кош” дейді. Тіліміздегі шұғыл – “ш” дыбысы мен ызың “з” дыбысының алма кезек қолданылуын ескерсек, кош – қоз – қой-

больш шығады. Қозыбай есімі қозысы көп болсын, деген тілекте емес қой тәлді болған жылы яғни қозы көп туылған жылы туылған бала болғандығынан қойылса керек. Майлыбай сөзінің түбіріндегі -лы - жұрнағы арқылы зат есімнен қойлы деген сын есім жасалып тұр. Ал, -лы- жұрнағы көне түркі қазіргі тұрғысынша сын есім жасаушы жұрнақ болса, түркі лы- бір нөрсенің бар екендігін білдіретін көне жұрнақ. Қой сөзі бағар, соймас, гелді, бақ деген етістіктердің бірігуі арқылы да сөздер жасалған. Секербай есімінің түбірі – шек- ешкі малының пірі : “Шек – шек” екенін ескеріп, сек-шек-деп с-мен-ш- дыбысының вариант қолданылу ерекшелігіне сүйеніп, түбірі сек емес –шек –деп, ал ер- еркегі дегенді білдіретін сөз, яғни ешкі малының еркегі мағынасында тұр деп есептейміз. – бай – бір заттың көптігін білдіреді. Соңда бұл сөздің яғни Секербай есімінің түбірі: шек - ешкі малының пірі Шек-шек ата дейміз - Секе –сек +е-шек + ер еркегі деген ешкі төлінің көбі еркек лақ болған жылы туылған балаға қойылған есім болуы мүмкін деп топшыладык. XI ғасырдағы М.Қашқари сөздігінде еркеж деген сөз ұшырайды. Бұл – теке дегенді білдіреді; кеж-ешкі (турікте кежі, татарларда казакәй, орысша коза) делінеді [20,450].

Қой төлін: алтай тілінде “құша”, түркімен тілінде қош, қазақ тілінде қой деп қолданылады [20,438]. Қотан – ауыл айналасында, үй маңында мал жататын, түнейтін ашық орын, ашық қора тәрізді мекен. Осы тұліктердің қалдықтарын (боғын көнтіріп қи, тезек етіп) отын ретінде пайдаланған. Осы мағынада Боккет, Боғырақ, Бокыш сияқты жалқы есімдер , сондай-ақ Майкет, Тәттікет, Жаманкет деген сын есіммен біріккен тұлғалы есімдер болды.

2. Аңдар мен құстарға, жәндік, мақұлыштарға байланысты тұған жалқы есімдер :

Тарихи және табиғи жағдайларға халқымыз табиғаттағы лашын жылын күшік десе, аңдардың ба құстардың балапанын “балапан” деген жалпы атпен атайды. Осы еңбекте осы негізімен туындаған Балапан, Бөлтірік сияқты есімдермен бірге табиғатпен етene өскен ата-бабамыздың қырлы да, сырлы аңшылық өнері өз алдына бір әңгіме. Аңшылық дәстүрге құмайтазы, берен мылтық, жүйрік ат пен қыран бүркіт сияқты өр мақұлыштың сырттандары ғана ерекшелініп алынған. Одан да басқа аңшылық өнеріне тез икемделетін ең қырағы құс – сұңқар болғандықтан осы қасиет баланың мінезіне тұрпатына байлансын деген азан шакырып сұңқар деп те ат қойған. Дұниеде күн көзіне тұра қарай алатын құс - бүркіт екендігін білген адам баласының туралы, шынышыл, сөзге тоқталар шешен халықтың жұмбакты сөздерге әріден аңғарсын деп Бүркіт, Сұңқар деген де есімдер койған. Осы негізде түсінікпен Үкібас деп баланың басының көлемі мен формасына үқсатып немесе үкінің айналасындағы заттарға екі көзімен бірдей қарай алатын ерекше қасиетін аңғарып та ат қоюы мүмкін демекпіз. Негізінен үкі-қасиетті құс. Э.Нұрмамбетов : “Үкі – жапалақ текстес құс. Екі шекесінде құлакқа үқсас қауырсыны тікірейіп тұрады. Ертеде үкі қауырсының қыз-жігіттер тақияның, бөріктің тәбесіне сән үшін тағып жүрген [26,55]. Одан басқа аңдар мен құстарға байланысты Бұлбұл, Жапалақ, Торғай, Бөдене, Үкібас, Балапан сияқты

құстар аттары телінген. Аңның ішіндегі ең әдемісі бөкен немесе киік деп есептегендіктен сұлу, келбетті балаларға Елік, Еркебұлан, Құдыс, Қабылан, Қосаяқ, Қиіkbай деп ат қояды. Құрттыбай сияқты жәндік атымен аталатын антропонимдер кездеседі. Қосаяқ деген кеміруші макұлық атымен де зат есім қолданылған. Қосаяқ - есімі шежіреде былай беріледі. “Жапалақ батыр Қосаяқ деген қызын Тұрсынбайға беріп, Тұрсынбай оны тоқалдыққа алыш, кешегі аты шықкан Бәйтін сал сол Қосаяқтан жалқы туған [6,24]. “Л.З.Будагов: дж. Кошы кошь, кир.қосы кось, каз.кушъ (монг.хошъ-пара) 1) пара наполненныхъ виномъ чашъ : кос – қос по парно, кос аяқ – жердің қояны,тышқан [26,143]. Қос-1. зат. Адам уақытша тұру үшін қамыстан, киізден, брезенттен т.б. нәрселерден жасалған күрке, жаппа, үйшік, мекен, тұрғын үй. 2. II. зат. Отарға, жайылымға шығарылған бірнеше жұз жылқының тобы. 3. Қос. сын. Екі, егіз, пар деген түсінік береді [5,71]. Бұл есім осы түсірмедегі мағыналардың үшінші мағынасымен байланысты туылған болу керек. Қосаяқ негізінен төрт аяғы болғанымен артқы екі аяғын қатар көтеріп секіріп жүретін кеміруші макұлық. Ал қалған алдыңғы екі аяғы қажетті әрекеттер жасауға (ұстауға,тырнауға, қазуға т.с.с.) көмекші қызмет етуші мүшес. Жөне оның артқы аяғына қарағанда алдыңғы аяғы қысқарап болады. Сөздің шығуын зат міндеттімен салыстыру керек дейді.[26,121]. Ал аяқ сөзін көптеген ғалымдар д да дыбыстарының сәйкес қолдануының нәижесінде болған құбылыс екенін мойындаған, соның ішінде I.Кеңесбаев та бар: көне ескерткіштер тіліне сүйеніп аяқ сөзінің о бастағы дыбысталуы адақ – одан азақ – одан бүгінгі аяқ сөзінің шыққанын айтады[23,71]. Осы жалқы есім осы макұлықтың әдемілігіне, енбекқор, көнгерлігіне ұқсатып қойған деп бағамдаймыз. М.Томанов: “Чуваш етіктіад+ы дейді, төуелденгенде адисы дейді. Ай-ақ-кішкене ат деген сөз. Өзінен басқаны біліп келіп, кейін өзін білген адам. Ат пен итті бұрын білген, аяқты кейін білген; ат-ад; атта-ат бол, ад+ын; ыдыс-ыд-ад. Аяқ: ай-ат (ад, ай)ақ-ыдыс. Аяқ ыдыс демек. Татарлар иттік дейді. Демек а-е-и бәрі бір фонема болғандығы байқалады. Ыдыс-тың да ат-қа байланысы бар. Өйткені ыдыс бұрын малдың (аттың) тұяғынан жасалуы керек. Ол заман ат пен оның тұяғын айырған ба: бүтін мен белшек аралас жүрген заманғой) дейді [19,121-122]. Жоғарыда атап өткендей жеті қазынының біріне санап, аяқтылардың ішіндегі адамзаттың ең сенімді адал достығымен аңыз болған ит макұлығына қатысты сегіз туынды зат есімдер жасалған. Олар: Тәбет, Қосқұлак, Барбас, Саққұлак, Күшік, Мойнак, Күшіген, Байтәбет. Қасқыр тұқымдастына байланысты Бөлтірік, Байбөрі сиякты да зат есімдер баршылық. Қазақ өзінің шығу тарихын бөріден, қасқырдан тарадық деп қасқыр тұқымдастарға да ит аттарын да қоюы тек осы түсінікті дәлелдей түседі. Сондықтан өз баласын итке ұқсатып қомсытқанынан емес керісінше қатты жақсы көргенде: “- ей, ит сол!” деп немесе біздің үйдің әлгі күшігі деп те сейлеген. Бұл тотемдік нағыммен көз тимесін деген максатпен елгеусіз болсын деп осы есімдерді қойған. Бөрі сөзі тұркі тілдерінде қасқыр деген ұғымда жұмсалады. Бөрі – бұру деген сөз негізінде туған сыйайлы. Дауысты еріндіктердің сәйкес қолдану аясының шектелмегенін бағамдап ө мен ү, і мен у дауыстылары бір – бірінің

гастиғаннан Қытай Балталы атанды да “бағанағы қайтты, бағанағы қайтты” дөлінгеннен Сүгірше Бағаналы атанды. Шу бойында болады, Атбасар дуанына қарайды.Балағаналы,Балталы аталған Найман солардың үрпағы[6,40].

“Көне түркі тілінде сандал*-балта деген мағынаны берген.Ал, шын мәнінде бұл сөзді сарапцандер Таяу Шығыска таман өмір сүріп жатқандар қабылдаған.Түрік сөзі чабат (чабата, әбап, сабат, шабат) “кесу, шабу”чабу-шабу етістігінен туғаны белгілі. Бұл сөз ең алғаш “сандалия”(сандал) “аяқ киім, ағаштан аяқ киім ойып жасау” - деген ұғым берген. Артынан, әртүрлі аяқ киімдердің, сонын ішінде тоқылған аяқ киімнің де аты болды.Көптеген әртүрлі аяқ киімдердің шығына байланысты дәл осы сөздің мағынасындағы қолданысынан шығып, түркі тілдерінде түрлі аяқ киімді әртүрлі түрде атау етек алды.Қазіргі татар тілдерінде чабат сөзі, чабата “ертеде шаруалардың талдың қабағынан тоқылған, гобыққа дейінгі аяқ киімін атаған”, немесе басқа да талдардың қабағын таспа қылып тіліп тоқылған аяқ киім(лыка) атаған.Көне француз тіліне бұл сөз өзінің алғашқы мағынасын “бүтін кесек ағаштан табылған аяқ киім”-sabot ауысты.Орыс сөзі “чеботы” түрік сөзі-чабот шабыт.Араб халифатының Испанияға басып кіріп, ғұракташ қалуының нәтижесінде испан тіліне түрік сөзі шабыт “zapata” формасы қалыптасты.Ағылшын тілінде : sabot, saboteur, sabotage сөздерінен басқа да, набу(шабу) етістігінен өрбіген бірнеше сөздер бар.Бұл сөздер мыналар : chabou (chabuk, chawbuk)- “ұзын қайстан тоқылған камшы, жіңішке-майысқыш, серіппелі тоқылған камшы”; chibouk- “чубук”, тұтікше”; saber (sabre)-“сабля”; sjambor –“камшы, мүйізтүмсықтың терісінен жасалған камшы “-деген мағынаны береді.” Чабу ” етістігінен туындаған сөздер ағылшын тілінде француз, неміс, африка, малайзия, үнді 2929-шы тілдің 3131-сі болды.Барлық осы тілдерде түркі тілінің чабу етістігінің семантикалық мағынасы – кесу, шабу, турау сакталды.Демек балта сөзінің о бастағы мағынасы : шабу, кесу, турау – дегенді берген - дейді[26,198]. В.В.Радлов : Палта және балта вариантын қоса беріп, балтаның өткір балта, ай балта, гундарлі балта, ајуг балтасы, маранғоз балтасы, ұста балтасы сияқты түрлерін атап, маленький топорикъ на длинной ручкъ (киргизское оружие) деген анықтамасын жазады. К.Аханов алтай тілінде малта (“балта”), түркімен тілінде палта түрінде дыбысталатын сөз қазак, қырғыз тілінде балта болып айтылады -- дейді [26,178].

Найза, Жасқылыш еімдері туралы сөйлер болсақ: Т.Байжанов зерттеу әнбегінде : Наименования рубящего и режущего оружия : қылыш (меч), его разновидности : сапы (прямой меч, похожий на шашку), асфаһани қылыш (меч, изготовленный в г. Исфахане, очень ценился и был известен под названием наркессен), болат қылыш (булатный меч), балдағы алтын ақ болат (булатный меч с позолоченным набалдашником), алтын аршын ақ болат (булатный меч, длиною в шесть аршин), шар болат (четырехгранный булатный меч), алласпан (большой обоюдоострый меч длиною в маховую сажень), берен қылыш (меч отличного качества),балдағы алтын ақ берен (меч с позолоченным набалдашником), алтын сапты ақ берен (меч с позолоченной рукояткой), семсер (меч), ақ семсер (стальной

меч), алты құлаш ақ семсер (меч длиною в шесть маховых сажень), көк семсер (стальной меч с синим оттенком), алмас қылыш (алмазный меч), зұлпықар (прочный и не слишком тяжелый, обоюдоострый меч с бугорками в остробе вроде позвонков), селебе (длинный нож или полусабля), айбалта (секира), ала балта (топор, сделанный специально для боя), тарақ балта (топор с зубчатым лезвием) и др – деп соғыс құралдарын атап өтеді деп келтіреді [174]. Ер сөзіне қатысты “ер қаруы бес қару” деген қазақ тілінде тіркес бар. Бұл деген ер қаруының бес түрінің болғанын көрсетеді. Оны әркім - әртүрлі атайды. Мысалы, Қ.Ахметжанов : 1. садақ(кейін мылтық), 2. қылыш (ертеде семсер); 3.найза (“сұңғі” деп те аталатын гүрі); 4.айбалта; 5.шокпар (соғыста қолданатын түрін “гүрзі”(құрсі) деп те атайды) жатады дейді. Твертин қылыш, найза сөздеріне былай түсінік береді : Он клыщем* и найзой* острый Как игрушками владеет.Клыш*- сабля : Найза*- пика [26,174]. Жасқылыш құрамындағы бірінші түбір жас – жеткіншек, әлі көп жақсылық жасайтын балдырған деген мағынадағы сын есімді сөз. Қылыш сөзімен бірігіп қылыш сияқты өткір, қайратты, турашыл азамат болып, көп жақсылықтар жасайтын жеткіншек болсын деген арманмен қойылған есім болуы керек.

11. Музықалық аспап атымен қойылған есім : Керней.
- 12.Әскери бас киім негізінен туған есім : Дұлыға.
- 13.Ай,күн,жұма аттарына байланысты туған жалқы есімдер: Рамазан, Ақпан, Наурыз,Сәрсен,Сәрсенбай,Бейсен.
- 14.Асханалық заттарға байланысты қойылған есімдер:Ошақ, Қазан; Саба, Алаяқ, Қазанған .

Қазан ез мағынасында зат есім. Ал, қолданысына қарай су қую, ет салу т.б. дайындау ұғымымен сай келеді. Қазан түркі ұғымында үлкен мәнге ие болған. “Қазан асу”, “ас асу” сөзімен бірге “жабдық” сөзі де синоним есебінде қолданылған. Жабдық сөзінің түркі тілінде бірнеше мағынасы бар.1.даярлау-ұғыры.диалек.мал.жолға,сапарға дайындық жүргізу, жинау, дайындау; 2. жабдықтау, қажетті затпен қамтамасыз ету;3.жасау, жүзеге асыру-қырғ. Диалек; 4.құру. Жабдық –жабық:жап(б) түбір етістігінен туған деп қарастыруға да болады. Қимыл есімді жап (ж+б) жабу, қамтамасыз ету сөзінің де тууына түрткі болған деп ойлаймыз.Түйенің үстіне жабатын жабу түбірлес сөздер. Затты жабу, қымтау сөзінен келіп, әзірлену, жабдық дайындау сөзіне ауысқан.Павлодар облысында “жабдық”- деп, кісі елген күні жасалатын қам-әрекет, қайтыс болған кісінің 7-не, 40-на не жылына баруын (жабдыққа барамыз) дейді. Жабдық//қазан сөзінің семантикалық мағынасының ұласуы негізінде жасалған сөз.Демек, жабдықтың о бастағы мағынасын қазан деп үйгартуға болады деп ойлаймыз.ҚҚБС жырының Гвертин нұсқасында: В казанах варилось мясо, Жеребят, барашков сыйых – деген жол бар. Жап түбір сөзінің де түркі тілдерінде бірнеше фонетикалық өзгерістерге ұшырап барып әртүрлі мағына беретіні бар. Жап—жабу—қазан жабу—қазан асу—дайындалу---жабдық. Жабдық--қазан [26,159-161].

- 15.Ұлттық киім негізінде туған есімдер: Сөлде, Бөркін, Ішпек.
- 16.Дене мүшесіне телініп қойылған жалқы есімдер:

Маңдай, Тілмөмбет, Мұрынбай.

17. Ұсақ-түйек, керек-жарақтармен қойылған Айнакөз, Таракты, деген есімдермен зат есімдер жасалған. Жоғарыдағы дәйектемелерден байқағанымыздай балаға ат қоюда қазақ үшін - сенім-наным мен салт дәстүр – түсінігі ерекше орын алғалы әлі де жағасып келеді. Тіпті жеке дыбыстардан, танбалардан құралған сөздердің баланың бүкіл өмірін өзгертерлік қасиеті бар екендігіне ежелден сенген көз тиумен түрлі көзге көрінбейтін пәлекеттерден аман сақтау мақсатымен елгеусіз етіп, оғаштау есімдер қойған. Қазақ бала қамы үшін барлық жағдайда оның жарқын болашағын силаған. Тек үрпак жалғасын басы көбейуіне қатты қадалаған. Сондықтан 70, 80, 90 жастық шактарының өзінде жас сәбидің иісіне ғұншыққан. Сол себептен сан есіммен байланысқан Елубай, Алпысбай, Сексенбай, Тоқсан, Тоқсанбай деген есімдер пайды болған. Балаларға жарасымды сұлу есім беруде алдарына жан салмаған еken. Ат қоюға ерекше мән беріп, өздеріне құшті жауапкершілік міндеттеген. Түркі тілдерінде жаңа сөз жасаудың жолы әр түрлі болып келеді. Жаңа сөздер аффикстер арқылы немесе сөздердің өзара бірігіп, қосарланып, екеу үшеу ара тіркесуі арқылы жасалса сөз тудыру жайындағы қағидалар бір жағынан лексикологиямен, екінші жағынан грамматикамен үштас болуы белгілі. Осы сөз тудыру тәсілдері арқылы жасалған жана сөздер немесе жаңа үғым атаулар немесе белгілі бір үғымның әр қылыш ерекшелігін білдіреді де, жана лексикалық тұлға ретінде қызмет етеді. Жүрнак арқылы жаңа сөздер жасау сөз тудырудың ең бір өнімді түрі болып саналады. Оларды зат есімнен болған сын есім, сан есім, етістік, есімдіктен болған деп бөлуге болады. Таракты сөзіндегі – ты- жүрнағы әдетте зат есімнен сын есім жасаушы жүрнақ, бұл жерде зат есім болып тұр. Тағашы – таға – аттың табанына мұздакта тайғанамас үшін шегеленетін зат. –ши- зат есімнен зат есім жасаушы өнімді жүрнак. Осы негізде туған Лабашы, Алмашы, Тілеулі, Кейкі, Қадірлі, Бораншы, Жаңбыршы деген зат есім жасалынған: Жаманшы, Жаншуақты, Биікші деген сын есім негізінен зат есім жасалынған немесе бір түбірден болған зат есімдер арқылы Ақша, Өмір, Асқар, Жігіт, Лекержәне түбір сын есімдер арқылы жасалынған есімдер бар. Олар : Ерке, Есен, Қара, Сары, Қоңыр, Қасқа, Баяу. Жігіт сөзі - Орхон-Енисей ескерліктерінде біздің сөзді қолдау, көтермелеу деген түснікті білдіреді екен.. Қазіргі қолданылып жүрген жігіт сөзінің алғашқы мағынасы- колдау, көтермелеу, бері келе өнеге беру, тәрбиелеу мағынасы, осы құнгі мағынасы- өнеге көрген, тәрбие алған, ой-өрісі қалыптаса бастаған адам дейді Ә.Нұрмажанбетов [27,93]. Қадір – құшті, икемді араб сөзі. Асқар – таңертенгі араб сөзі. Хасен - өте әдемі , сұлу деген мағыналарды білдірген дейді Т.Жанұзақов [28,32].

18. Екі ,үш түбірдің бірігуі арқылы жасалған зат есімдер :

Екі түбірдің зат есімнен жасалған Қыстаубай, Мәмбет, Мұхамед, Дастан, Жанарыс, Аргұл, Айнакөз, Үсенбай, Қалқаман, Атбай, Жұмағұл, Тезекбай, Айбас, Қойбас, Тұрсынбай, Жылқыбай, Үкібай, Бөлкебай, Киікбай, Сырымбет, Ырысбек. Зат есім мен сын есімнен болған бір зат есім Ақжан, Есілбай, Жанұзак, Еркінбай,

Ақжігіт, Жаншуақты, Ақмайдан, Тоқмайдан, Көкшекөз, Саққұлақ, Сарықұл, Байқұл, Ұзынсазан, Ақкөсе. Қыстау – қысқы малын өрістететін мекенді қоныс . Бай – кептік ұғымды білдіретін сөз. Туган мекеніне байланысты қойылған ат Махмұт-Қашқари “ Қышлағ ” деп қолданған. Шежіредегі екі-үш сөздердің бірігуінен немесе тіркесунен құралған құрделі тұлғалы есімдердің құрамында ай, бек, би, хан, сұлтан, төре, қожа, мырза, бибі, ханым сынарлары бар. Негізінде бұлардың көбі бай, бектен өзгелері көнерген терминдер болып есептеледі. Бұл - анықтауыш сипаттағы сынары сол тұлғаға қосақталып көп жағдайда қолданылу жолында этнос пен фольклор антропонимдеріне тән көне дәстүр ерекшелігін көрсететін айқындауыштар көнеден бар құбылыс. Кейіпкер есімдерінің алдынан да артынан да айқындауши сез қосақталады. Шежіреде сопы сөзімен айқындалатын алты антропонимдер бар. Самайсопы, Мейрамсопы, Ақсорпы, Қарасопы, Сарысопы, Қәдірсопы. Ол жөнінде Н.Мыңжанов: [29,190 бет]. “Сопы ешқашанда ислам дінінің ұғымындағы “сопы” емес. Жұнғаның тау әuletі дәуіріндегі жылнамаларында қарлұқтадың үш ұлысының бірі “сопо” деп аталған. Демек, арғындар арасында ежелгі халықтың “Сопо” яки “Сопы” ұлысының аты сакталған, ал “ Сері”, “ак”, “сары” және “танбы” деген анықтауыштар кейін қосылған, -дейді.

Хожа- парсы сөзі, араб тілі бойнша сейіт, қазақ тілі бойнша төре- сүйек деген мағынаға келеді. Ертеректе танымаған адамнан амандақтан кейін “ Сүйегің кім?” деп сұрайды екен. Сонда бұл сұраққа “сүйегі қырғыз екен”, “төре екен”, “хота екен” деп жауап кайтарылады екен. Демек “хожа” сол нәсілдік тексті білдіру үшін қолданылатын айқындауыш сез. Сондай-ақ “хожа” деген атақ сол 7-8 ғасырдағы қауымдар арасындағы мақтаныш атақ екені аңғарылады. Хожа сөзі ұлттың да, рудың да жеке аты емес. Ол сословиелік мән берді. Қожа атанған адамдардың бәрінің де өлеуметтік қоғамдық қатнастары ислам дінін таратушылық болып еді деуге болады. Осы күнге дейін “хожа - молда” делініп, “хожа” деген сөздің “молда” деп қосарланып айтылуының себебі осыдан еді. Олар жергілікті халықтарға дін үйретуші қызметін атқарады. Өздерін “мен пайғамбардың әuletіненмін, сейіт тұқымынан бсламын, батыр әзірет әлінің баласының балаларын танимын деу керек болды [20,296-299]. Жаңа туган балаларының атын “хожа” атымен байланыстырып қойылған Болатқожа, Қарақожа, Сарықожа, Қылышқожа, Аққожа, Таңсыққожа, Тоқтарқожа, Құрттыққожа, Балқожа, Құдеріққожа, Бердіққожа деген біріккен тұлғалы 13 антропоним кездеседі. “Шайх деген сөздің қолданылуы мәнісі- ақылгәй қария дегенге тұра келеді. (Бұл арадағы “шай хым” деген сез – ұстазым, пірім деген меншіктеу мәнде айтылып тұр, бұл сөзben Шайх Ғұмар қожа деген Хасен шайх ғана есім кездеседі. Құранды жаттап үнемі есінде сақтаған адамды “Хафіз” дейді. Шежіреде Достан хальфе, Омар хальфе. Хальфе Айтқала Хальфе. Сахаба – пайғамбарымыздың әрдайым касында жүріп, уағыздары мен соғыс жорықтарына қатысты, ислам дініне үлес қосқан серіктерін атаған. Ақкөсе сахаба деген айқындауышты зат есім бар.

Жеті атаға қызы болмысы енбейді дегенменде өз есімдерін тарих бетінде

калдыра алған 30-дан аса әйел есімдері аталады. Мұнан басқа Бөртік бәйбіше, Сары қыз, Жолбике, Мақпал, Зылиқа, Қызыбике, Айбике, Нұрбике, Маңқан, Нұрфая, Қарқабат, Ұлболды, Сәлия, Бајау, Төмен бәйбіше, Айымжан, Мана, Мәулім, Тотия, Сұлуым, Ерке, Шүркей, Алтықатын, Қамарқан, Кейкі Апай, Мәуке, Аққоян деген есімдер кездеседі. Осы есімдердің Сарықыз, Айымжан, Айнакөз, Ерке, Аргұл сиякты төл есімдермен бірге Нұрфая, Зылиха, Мақпал, Зылиқа, Сәлия сиякты басқа да түркі тілдес ұлт өкілдерінің әйел есімдерін айыру қын емес. Басқа түркі халықтарының тілдеріндегідей қазақ тіліне араб-иран сөздерінің аудысуы көбінесе ислам дінінің таралуына және діни кітаптардағы, әсіресе әйелдер есімінің жайылуына байлансты болды. Мысалы: Мақпал -- иран елінің есімі барқыт деген мағынаны білдір “Бақмал”, сөзінен алынған. Ол негізінен қымбат сапалы матаға байлансты қойылған есім. Зылиқа-жақын, туыс, жасы кіші қарындағас деген мағынаны білдіреді екен [30,230].

Қыз сөзі – түркі тілдерінде көп кездеседі. Оның негізгі білдіретін мағынасы қыз бала, бойжеткен қыз. Кейбір түркі тілдерінде қыз сөзінің қосымшасы бар; тувашша -қыс- ұрғашы, шор тілінде -қысчак- жиен қыз, қайын сінлі; якутша қыыс – немере қыз. Біздінше, қыз көне түркі сөзі, оның негізгі түбірі қызу ет болуы мүмкін, “жану, жарқырау” дегенді білдірсе, кейін “қызыл, от, жылу деген кос мағынаға ие болған. Қыз сөзі алғашқы кезде жайнаған жарық сттың жарқырауы тәрізді жылтыраган деген сөзді білдірсе керек. Қытай тілінде гюйцы – “патша қызы, бойжеткен қыз” дегенді білдірсе керек. Армян тілінде коис сөзінен шыккан деген пікірлер бар [31,139].

Бике – араб тілінде әйел деген сөзді білдіреді. Осы сөзben көбінесе некен саяк болса да әйел есімдері аталынады. М-ы: Қызыбике, Айбике, Нұрбике, Жанбике, Ақбике т.б. Айбике екі сөзден бірігіп жасалған есім, сыңарындағы бике сөзі жүргегі сұлу әдемі, көркем деген ұғымды білдіреді. Сондай – ақ жұма күні туған хан қызы деген мағынаны білдірген.

Би дәстүрлі қазақ қоғамының саяси әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық биліктің иесі, зерттеуші – ғалымдардың, әсіресі, В.В. Бартольдтың пікірінше, “би” сөзі шамамен 14-15 ғасырларда ежелгі түркі тіліндегі “бек” атауының бір нұсқасы ретінде пайда болып басқарушы, ел билеуші мағынасын білдірген. Кейіннен бастапқы семантикалық – тілдік реңктен ажырап, көбінесе, дау-жанжалды шешіп, кесімді төрелік айтушы әділ үкім шығарушы адамды бейнелеу үшін қолданылған. Р.Радлов өзінің зерттеулерінде “би” сөзінің үш түрлі мағынасын келтіреді. Біріншісі: “би” – князь, патша, қожайын деген мағынаны білдіреді, Екіншіден: “би” –сат деген сөзді білдіреді, ал үшіншісі: өзінің шешімдерінде ақылды дәл айтатын адам деген анықтама береді. [32,173]. Леонтьев “би” сөзін, билеу етістігінен туындана келіп, оның басқарушы мағынасында қолданғанын айтады. [32,5]. И.Березин де осы пікірді қолдай келе “бек” және “би” сөздері арқылы дана адам дегенді білдіреді, ал “би” сөзінен “битеу” деген етістік шығып ал “сот” деген мағынаны береді деген [33,20].

Олжабай есімі екі түбірден біріккен. Олжа сөзінің этимологиясын

қарастырсақ: Олжа – кыргыз, қарақалпақ, үйғыр, өзбек, чуваш тілдерінде тегін келген табыс, пайда, үлес болып қолданылды. Түркі тілдерінде олсау сөзі неологизмдер қатарында “бақыт”, үлкен, табыс деген мағынада қолданылды. Қазіргі монгол, бурят- монгол тілдерінде ояз (он, олза) сөздері, пайда, табыс, кіріс сөз мағына береді және ояз, олзо түбірінен туған сөз мейлінше көп. олja – пайда, тұтқын Мұхадимат ал абад сөздігінде бар. Ал академик Владимирцов – олжа сөзін түркі тіліндегі түбір сөздерге монгол тілінің аффикстері қосылып жасалынған сөздердің қатарына жатқызады. Олжа – соғыста қолға түскен пайда, табыс; түбірі ол – сөзі дейді. [31,145].

Олжа сөзін А.Тұрышев былай қарастырады : олж,а соғыст тұтқыны, олжа мүмкін болса түркі тілдеріндегі бұл “тауып алу” этимонынан олжа сөзін мағыналық жағынан салыстыру арқылы шығаруға болатын шығар. Салыст: көне түркі. bul- 1) тауып алу, іздестіру; 2) алу, иемден; 3) жетістікке жету, bulun – тұтқын, әукипс – олжа, түсім, buluns - өзін пайдалану, пайда көзі, барлық, bulumad - жетістік, қамтамасыз ету, түркі. bul 1) табу, іздеу, алыш келу, өзіне қарай алу, 2) барлау, 3) ауыс. Қадалу, қадалып қалу есім сөз тудырушы жүрнақ –ча/-жа анда-санда болса да түркі тілдерінде көрінеді. Салыс : мысалы, түркм. Дамжа тамшыдай<дам//там-қазу (Северян Э.В. Аффиксы именного словаобразования в азербайджанском языке. М., 1966. С.189). Осы арада түркімен жүрнағының өзі-жа түркі тіліндегі –чық/-чак-тін фонетикалық дамуы болып табылады. Түркі тілдерінде б-бұл – табу етістігіндегі ол – олжа этимонындағы анонгиялық тағы да бір бол-бул-ол-булу, аяққа тұру етістік арасындағы үқастық табылмайды. Дегенмен, монгол тілінде ол-етістік түбірінің табу, өзіне пайда түсіру, олжаның көзін табу эволюциялық кезеңдегі даму сипаты әдеттегідей еді. Салыс: мыс., монг. Ол-1) тауып алу, табу, 2) жеткізу, көзін табу, алу, өзіне пайда түсіру, 3) басып алу, калм. Ол-1) табу, іздеу, 2) тіміскілеу, теріп алу, ашу, тауып алу, 4) шешу, жауабын табу, іздестіру, кездейсоқ тауып алу, бур. Ол---ол-1) табу, тауып алу, 2) табу, санау, мойындау, 3) өзіне пайдалану, алу, табу, көздеген мақсатқа жету, 4) ішкі монгол. Барлық диал. Басып алу өлі- 1) табу, тауып алу, 2) қол жеткізу, алу, пайда түсіру, 3) басып алу, монг.oli-1) табу, тауып алу, 2) санау, болжау, дагур. ол- оло- табу, алу, жеткізу, пайда түсіру, жету, жұмыс істеу, қызмет ету, жету, ал “Күпия шежіреде” ол-табу, іздеу, алу мағынасында. Осы етістік түбірі сөз тудырушы –ја жүрнағы (қазіргі –з, -за,-зо) монг.тілінде зат есім жалпы монг. дәрежесінде olja олжа, пайда түсіру, түсім семантикасы пайда болды. Салс: мысалы, монг.олз 1) олжа, 2) түсім, пайда, 3) борыш, 4) өзіне түскен пайда көзі, пайдамен , 5) соғыста түскен бүйымдар, бур. Олзо 1) пайда, түсім, 2) пайда көзі, 3) олжа, бур. олзо – тұтқын, көне монгол. Olja – тұтқын, жаңалық пайда түсіру, олжа, түсім, табыс, қосымша табыс, пайда, өз карабасын ойлау, борыш, басып қалу, пайданың көзі, талан-таржыдан түскен, тұтқын. Бұл сөзжасам моделінің монгол тілінде әнімді екендігін мына анонгиялық сөз тудырушы структураның сөз формасы: көне монгол. oruja – пайда, түсім,, өнім, қосымша қаражат көзі, пайда түсіру, өз пайдасы, пайда бар, монг. Орзо, бур. Орзо – түсім, пайда, олжа, жалпы монголдық

ору – пайда болған.1) кіру, шығу, ену, 2)солай жасау, алу (түскен пайда), 3) өнім шығару, түсім әкелу, 4)жол беру, берілу, тыңдау, мойындау, ықпалында кету, қызығушылығы арту, сол сияқты қөне монг. varuja – жоғалту, айрылыш қалу, гарза – шығынға бату, шығын, жоғалту,аз пайда табу, жалпы монголдық етістік var – (кейде varu -) шығу, басып шығу, 2) көзге түсу, пайда болу, 3) өту, өтіп кету, 4) ар жакқа өту, 5) көтеру, көтерілу, асқақтау, 6) көтерілу, сайлану, шығу, 7) шығынды көтеру, шыдау, шығынға бату. Түркі тіліне монгол сөзі olja – соғыстан түскен олж, тұтқын, тым кене, бастапқы мағынасы болатын, бұны Э.В.Северян да дәл байқаған екен. Және де ол монгол сөзі екендігін өте дәл анықтаған. Бұл сөз түркі тілдеріне XIII ғ. Монгол басқыншылығы дәуірінде енген. Ортағасыр араласуының нәтижесі екендігін түркілік субстит ортағасырлық монг. африкаты-ј-ның орнына қазіргі монгол тіліндегі ызың консонанттынын – дз-немесе – з- пайда болумен де байқалады. Дегенмен, түркілік түбір бул- және монг. ол-гипотезалық турде салыстырып, гомогендік түрғыдан алтай тілінің позициясы деп қарастырсақ та, түркілік олж лексемасы дыбысталу сипаты жағынан болсын бәрібір бізді шығу тегі монг. дегенге мойынсұндырды. Монголдық қөне түркі сөздерінің монгол адаптациясында болып қайыра түркі тіліне оралып жатқан жағдайлар анағұрлым көң кездеседі.*Олж сөзі қөне тіл ескерткіштерінің бірі Мухаддимат ал-абад сөздігінен (XIII ғ.) кездеседі. olif- пайда, тұтқын; olif tuni –оны (тұтқынға алды) олжалап кетті дейді. Олж сөзіне Ж.Манкеева да біршама қөніл бөлгенні байқалады : “Олж соғыста қолға түскен пайда, табыс немесе тұтқын” – дейді.Б.С.Қарағұлова : “Тарихи жырлар лексикасы”- деген зерттеуінде “жесір” сөзі “құл, тұтқынға түскен” деген мағынада қолданылғанын, айта отырып себебі бұлардағы жесір, олж және жетім лексемалары мағыналарының қонелік, тарихи сипаты, семантикасы жағынан өзара тығыз байланысты – дейді [26,280-282].

Мойынбай батыр есіміндегі Мойын сөзінің түбірі бой болуы мүмкін, -ын – кішірейткіш мағынасын тудыратын қөне жүрнәк[31,140]. Сонда бойы кіші адамға телінген есім болса керек.

Белгілі бір айқындаушы сөздермен тіркескен жалқы есімдер : Адам есімдерінің үлкен бір тобы қөне дәуірлерде, түркі тілдес халықтарының тілдерінің жеке бөлінбеген кезеңін жеткен атаулар, қазақтың төл атуларымен қоса араб, монгол, иран, орыс тілінен енген атауларда кездеседі. Бұл атауларға көбінесе бай, бек, қожа, тере, мырза сөздері тіркесіп не жалғануы арқылы жасалған. Оның ішінде қөң ғалымдардың пікірінше қожа, мырза, бике сөздері араб парсы сөздері арқылы біріккен сөздер десе, бай, бек сөздері қазақтың байырғы сөзі болып еспителеді дейді. Тере қөне түркі тілінде кездесетін сөз. “білік, зан, әдет, ғұрып” деген сөздер мағынасында жұмсалған. **Қожа** сөзі араб тілінен енген “мұғалім”, “молда”, “бастық”, “бай”, “көпес”, “кожайын” деген сияқты мағыналарды білдірген. Түріктердің мектеп жасындағытары өз оқытушыларын әйел адам болса да ер адам болсада “ходжа”, “ходжам” деп атайды екен. **Мырза** сөзі амирзада – міртзада, “ак сүйек”, “әкім” деген сөзі[17,5]. Бұл терминдер ер адамдардың есімдеріне біргіп тіркессе, әйел есімдеріне байланысты бике сияқты сословиелік

Диссертацияда М.Ж.Көпееңтің “Қазақ шежіресіндегі” ономастика мәселелері зерттелінген. Еңбектегі адам есімдері мен жер – су аттары тұңғыш рет қолға алынып осы тақырып төңірегінде жан – жақты талданды. Еңбекте шежіре жанры, ономастика туралы пікірлерді жинақтай отырып, зерттелетін енбекпен ұштастырып сабактастырады. Тұынды Шәкөрім Құдайбердіұлының, Құрбанғали Хамиидидің, Б. Әбілқасымовтың шежірелерімен салыстырмалы зерттелініп, өзара айырмашылықтары мен ұқсастықтары қарастырылады. Олардың ішіндегі М. Ж. Көпеевтің ғылыми жағынан нақтырақ үлгідегі шежіренің 600-дей адам есімдері мен 300-ге жуық топонимдерді лексика-семантикалық мағыналарына қарай топтаған, лексикалық атауларға фонетикалық, морфологиялық, грамматикалық түргыдан тілдік талдау жасаған. Адам есімдері мен жер – су атауларының лексикалық – синтаксистік тәсілдер арқылы жасалынғандарын жинақталап, іштей бірнеше бөліктеге беліп жіктеген. Сол атаулардың кейбіреулерінің этнолингвистикалық түргыдан белгілі лингвистер дің еңбектеріне сүйене отырып этимологиясына талдау жасаған.

В диссертации объектом исследования являются проблемы ономастики в произведении М.Ж.Копеева «Казак шежиреси», Даётся разносторонний анализ именам собственным: имен людей, названиям рек, местностей. В данной работе рассматривается синтез жанра шежире и выбранной информацией о ономастике с самим произведением «Казак шежиреси». А также ведется сопоставительный анализ с подобными жанрами шежире Шакарима Кудайбердиева, Курбангали Халиди, Б. Абылқасымова: на основе анализа рассматриваются различия и сходства данных произведений.

Диссертант сгруппировал по лексико – семантическому значению около 600 имен людей и 300 топонимов. Исходя из лексических значений слов диссертант проделал лингвистический анализ с фонетического, с морфологического, с грамматического уровней. По принципу лексико – синтаксического словаобразования им была отобрана группа слов ономастики и топонимики, которую по своему лексическому значению диссертант поделил на несколько частей. Некоторым названиям с этнолингвистического аспекта, опираясь на труды, выдающихся лингвистов, был дан этимологический анализ.

In the dissertation the object of the research are problems of onomastik at the work of Kopeev “Kazakh shezhire”. There is given the versatile analqsis to the awn names: names of the people, names of rivers and countrysides. Af this work is examined the synthes of, shezhire and chosen information apout onomastik with the work “Kazakh shezhire”. And also is conducted comparing analqsis with the similar zhenres shezhire of Shakarim Kudaiberdiev, Kurbangali Hamidi, Abulkasymov, an the basis of analqsis are examined differences and likenesses of these works. The dissertations author has collected about 600 names of people and 300 tophonimes an the lexik semantikal meaning. Issued of the leksical meanings of the, words, the author is made linguist analysis from phonetik, monologik and grammarlevels. On principle lexikal – sunthaksis word – formation he selected a group of onomastik and fophonymik words, which the author has divided into same parts an their own lexikal meanings. Also was given ethimologik al analysis to some names of the ethnoliguistikal aspekts, seen at works of great lingua – scientigts.

титулмен жасалынған антропонимдер көп көрініс тапқан.

Хан сөзімен айшықтаған есімдер: Ұызын хан, Абылай хан.

Қазы сөзімен тіркескен есімдер барышылық. Қазы – бұл да би сөзіне синоним сез. Дау-жанжалға билік айтатын төреши қызметіндегі адам. Секербай қазы, Қылыш қазы, Тайжанқазы.

Қажы – діни міндетін атқару үшін Меккеге барып, қағбаға кіріп қайтқан адамға берілетін дін иесінің қызмет дәрежесі – хажы деп те қолданылады. Шежіреде Мақсат қажы, Әділбай қажы, Лекер қажы, Сүлейменқажы, Бәзіл қажы, Жантым қажы деген аттар терілді.

Әулие діни наным бойынша адам тағдырына ықпал жасай алатын “қасиетті” киелі жан.

Әулиелік – алдын ала болжаушылық. Әулие - әлбие – қасиетті киелі жандар, пайғамбарлар. **Махмут Қашқарида** : әулие – араб тіліндегі сез – киелі адам, қамқоршы, дін басы пайғамбарлары деген мағынаны білдіреді. **Уәли** – жекеше мағынадағы, әулие – көпше мағынадағы сез болып есептелген дейді [25,341].

Шежіреде диуана сөзімен **Лекер, Шалқым диуана, Айсабай диуана** сияқты айшықтауышты есімдер кездеседі. Диуана деген сез – діни сез. Үрзығын көптен тілеп кәсілсіз жүретін діндар, такуа адам дегенді білдіреді [5,164]. Диуана сезімен тіркескен айқындауышты үш жалқы есімдер бар. Олар: **Лекер, Шалқым диуана, Гайсабай диуана**. Диуана сезіндегі диу діни – наым сенімнің ежелден келе жатқан дәстүрі ; **М.Қашқари:** ЕМ: Дауа. Дауалаушы адамды – емші дейтін атау[5,67]. **В.В.Радлов ду”** а 1)дневная молитва ; 2)наговоръ, колдовство; ду” агуілук – благословение – дейді. Дуа а. [дұа доа. 1. зов. 2. мольба; прозьба: 3.молитвы; 4проклятие; амулет- молитва, написанная на теле] - 1.рел. Молитва, благословение. Бұл арада кеніл аударатын Рұстемов дедеге (ду: два+тәг: низ) – дег., талдаған еken. **Демек,”ду”** екі мағынасында қолданылатыны анық. “Дам” деген де сез бар бірақ, ол үлкен (дамата) әйгілі деген мағынасында пайдаланылады. **Дамолла-үлкен** молда деген үғым береді. “Да”қытайша “үлкен” деген үғымды береді. “Ху” деген сез балгер, сыйқыр, дуакант дегенді білдіреді. “Ду” – два “екі” дегенді білдіреді. Иран тілінде ду – екі, шамбе – күн дегенді білдіреді. “Ду”- “жан” және “рух”- деген үғымды беретін сияқты. мүмкін дуалистердің өзіндік сөйлесу белгісі бөлар. Диуана – этимология и семантика этого термина связаны с таджикско-персидским “девонэ” (“одержимый дэвом”), юродивый, скитаец. Диуана (п) ескі дионе (диване) шашақтап сылдырмак таққан аса таяқты, аллатап сарнап садаға сұрайтын адам. тәжіктің (дәуріш//дербуш) ду-дуа-диуана-дәуріш-диуана-диюана-дуалау тұбірлес сөздер. Бұлардың о бастағы шығу тегі ду тұбірі болған. Диуа сезі ду-а тұбір мен – а (ана//а+на) екінші компонентінің бірінші буыннан тұрады. Диуана-ду+ана//ду+а+на (а+на) диуана сезінің ықшамдалу негізінде дуа сезі пайда болған. Диуа (екі) сезінің дуа мен қандай қатысы бар деген де диуаналар бақсы сияқты бастарына басқиім, үстеріне халат, қолдарына аса таяқ үстеган. және де екі жолды бәйіт (дубайти) айтқан. **Демек, ду** (екі) екі жолды бәйіт айттып емдеуші деген сез. Ал, ана сезі абыз жайында айтылған аба тұбіріне ете

жыңқ келеді деп жорамалдайды .Осы ана сөзінің дыбыстық қолданылуы мен тотемдік ана тұрларін осы еңбекте әрі қарай тізбектеп жазады [26,249-251]. Диуана сөзімен тіркескен айқындауышты екі жалқы есімдер бар.Олар: Шалқым диуана,Файсабай диуана.Диуана сөзіндегі диу діни – наным сенімнің ежелден келе жатқан дәстүрі ; Бекболаттан – Лекер, Шалқымнан дуана атанған, хажыға барып өлген; Мұнын баласы Файсабай диуана, мұнан үш бала бар[6,44]. М.Қашқарі : ЕМ: Дауа.Дауалаушы адамды – емші дейтін атау[5,67]. В.В.Радлов ду”а 1)дневная молитва ; 2)наговоръ, колдовство; ду”агуілук – благословение – дейді. Дуа а. [дұа 1. зов. 2. мольба; прозьба: 3. молитвы; 4. проклятие; амулет- молитва, написанная на теле]-1.рел. Молитва, благословение.Бұл арада көңіл аударатын Рұстемов дәдеге (ду: два+тәг: низ) – деп, талдаған екен.Демек,”ду” екі мағынасында қолданылатыны анық. “Дам” деген де сөз бар бірақ, ол үлкен (дамата) әйгілі деген мағынасында пайдаланылады.Дамолла-үлкен молда деген үғым береді. “Да”қытайша “үлкен” деген үғымды береді.”Ху” деген сөз балгер, сыйқыр,дуакант дегенді білдіреді.”ду” – два “екі” дегенді білдіреді. Иран тілінде ду – екі, шамбе – күн дегенді білдіреді. “Ду”- “жан” және “рух”- деген үғымды беретін сиякты.мүмкін дуалистердің өзіндік сөйлесу белгісі болар. Дуана – этимология и семантика этого термина связана с таджикско-персидским “девонэ” (“одержимый дэвом”), юродивый, скиталец.Диуана (п) ескі дионе (диване) шашақтап сылдырмақ таққан аса таяқты, аллалап сарнап садаға сұрайтын адам.тәжіктің (дәуріш//дербуш) ду-дуа-дуана-дәуріш-диуана-диюана-дуалау түбірлес сөздер. Бұлардың с бастағы шығу тегі ду түбірі болған. Дуа сөзі ду+а түбір мен – а (ана//а+на) екінші компонентінің бірінші буынынан тұрады.Дуана-ту+ана//ду+а+на (а+на) дуана сөзінің ықшамдалу негізінде дуа сөзі пайда болған.Ду (екі) сөзінің дуа мен қандай катысы бар деген де дуаналар бақсы сиякты бастарына басқиім, үстеріне халат, қолдарына аса таяқ ұстаған.және де екі жолды бәйіт (дубайти)айтқан.Демек,ду (екі) екі жолды бәйіт айтып емдеуші деген сөз.Ал, ана сөзі абыз жайында айтылған аба түбіріне өте жуық келеді деп жорамалдайды .Осы ана сөзінің дыбыстық қолданылуы мен тотемдік ана тұрларін осы еңбекте әрі қарай тізбектеп жазады [26,249-251].

Еңбекте күнделікті тұрмыста қолданылатын заттарды белгілі бір себептермен адам есімдерінің жасалу жолдарының бір үлгісі бола алған. Мысалы: Құндақбай. Өтек, Найза, Сәлде, Бәркін, Ошак, Қазан, Саба, Алаяқ, Әлімар, Зәмзәм, Балта, Балға, Айнакөз, Таракты, Жасқылыш, Қазанғап, Керней, Ақбелбеу, Жарылқамас, Қорамса, Дұлыға есімдері осыны дәлелдейді.

Аталмыш еңбекте Ошақбай деген есім кездеседі. Ошақбай – адам бойына жабыскан пәле-жаланы от пен аластап қуалаған. От тұрағы - ошақ. Сондықтан жаңа антропонимдер ұлттық наным-сеніміне байланысты тұстарынан ат қою кезіндегі ырымдарынан да топшылаймыз. Ол ырымдар да сан қылы. Жаңа тұған баланы жеті ошақтың мойнынан өткізіп, есімін Ошақбай, Ошақты қойған. Нәрестелері шетінеп тұрмауынан салдарынан “жете арқа отынға сатып алу” ырымымен коса “менікі емес,сатып алған біреудің баласы”дегенге мегзеп

Сатыбалды, Сатылған деген сияқты есімдерді қойған. Ұл бала күтіп ырымдағ қызы баланың есімін **Ұлболды, Ұлбике** қойған.

Сол сияқты **Құттыбай** есімі де екі компонентен, яғни екі сөздік бірігуі арқылы жасалған Құт – бак - дәулет. *kutluf* құтлұғ- құтты сөзі осыдан жасалған.

Аққоян есімі Ақ деген сын есіммен қоян деген зат есімнен бірігіп делі туынды сөз құралған. Ақ деген сөз белгілі, ал қоян сөзінің түбірі **Ахановтың** пікірінше екінші буыны обаста аң сөзі болған сияқты дейді. Яғни, аң қой сияқты аң болуы мүмкін деуінің себебі бар. Бұл есім жалпы қоян мінезі сияқты қорқақ болсын деп емес ақ және көзі үлкен бір сүйкімді аң сияқты әдемі болсын деп қойылуы керек. Қоян сөзімен біріккен тағы да **Қояныш, Қоянкөз, Қоянбай** деген есімдер бар.

Құл сөзімен бірігуі арқылы жасалған зат есімдерді былай топтауға болады:

1. Зат есіммен тіркескен есімдер: **Қожағұл, Ниязқұл, Қойғұл, Құдайқұл, Жанығұл, Мәмбетқұл, Қоржынқұл, Мырзағұл, Айқұл, Жұмақұл, Айтқұл, Кожамқұл, Рақбанқұл.**

2. Сын есімнен тіркескен есімдер: **Ырықұл, Есенқұл, Тоққұл, Бекқұл, Мендіқұл, Арзықұл, Байқұл, Сарықұл, Аманқұл.**

3. Етістікпен тіркескен есімдер: **Бердіқұл.**

Мәмбетқұл – біріккен түбірдің құрамындағы Мәмбет сөзі иран тілінде Маммдед – деп қолданып, екі мағынаны білдіреді. 1). жәрдем етуші; 2). жәрдемші, көмекші.-құл сөзі біреудің жұмысын істеуші, жалшы, тұтқын, тәуелді адам деген сөздермен мағынаны білдіреді. Бұғанде бомж, бич деген сияқты сөздерге жуықтайтын сияқты. М.Томанов : “Адам табиатты танып, білген нәрсесін актив, пассив деп жорамалдаған. Орыстардың түрлі заттарды, жан-жан-жануарларды кім, не деп түрліше сұрайтын себебі сол ескі көзқарастардың өзгергендігінен. Ал бұтінгідегі заттардың міндегі сөйлемдегі сөздерді бір-біріне байланыстыратын грамматикалық амал болып қана қалған. Кейбір елдерде құлды кім ? демей не ? деп сұрайды еken. Бұл оларды пассив нәрсе ретінде қарап, кемсітуден туған”-дейді [19,123]. **Бекқұл** – екі түбірден біріккен сөз. **Бек** – М.Қашқари сөздігінде әйелдің байы деген сөзді білдіреді дейді. **Мендіқұл** – екі түбірден біріккен туынды сөз.-ді зат есімнен сын есім жасаушы журнақ. **Мен** - адам денесіндегі қал. Біріккен тұлғалы ер (әйел)есімдері құрамында жиі қолданылатын сөз. Бұрынғы кезде бала бақытты болады деген сеніммен “мен”сөзін бала есіміне қосып отырған. Негізінде мен, менлі -сөздері сұлу әдемі, көркем деген мағыналарда жұмсалған. М.Қашқаридан мен сөзінің жоғарыдағы мағынасымен бірге құс жемі, дән деген мағынаны білдірген деп мәлімдейді [25, 21]. **Ниязқұл** – түбіріндегі Нияз - араб сөзі. Нияз – ниет, көзқарас деген мағыналарды білдіреді. **Байқұл** – бай көне түркі халықтарының тілінде “мол-дүниесі мол, ауқатты, әлді адам” деген мағынаны білдірген.

ТОРЫ сөзі сын есімнен бірігіп зат есім жасаған. Ерторы, Байторы деген екі ғана есім кездесті. Түркілер торым деп түйенің жас төлін яғни, ботасын атаған еken. Және сол түсінік бойынша балаларын еркелетіп, тор сөзімен байланыстырып есімдер қойған.

Сәлі, өлі сезімен біріккен сөздерінің екінші сыңары болып Дербісөлі, Есенәлі, Қыдырәлі деген үш қана есімдер болды.

Алтынбек, Алтынбай деген біріккен тұлға негізіндегі есімдердің түбіріндегі алтын-кейбір зерттеушілердің пікірінше бұл монгол тіліндегі алтан “қызылт мыс” деген сөзден шыққан. Кейбіреулері алтынның түсіне қарай түркі тілдерінің көбінде қолданылатын- ал-“ашық қызыл, от тәрізді түс” деген сөзді негіз етіп алады. Енді бір ғалымдар алтын сөзін түркі тіліндегі алты (6) сөзінен шықкан дегенді айтады. Ертеректе Орта Азия халықтарында ақша ретінде өр түрлі нәрсе қолданған екен. Мысалы, монголдарда ақша ретінде жібек-матада, алтайлықтарда мал терісі жұмсалған. Кейбір түркі тілдерде (болгарларда) нәрсенің құнын белгілеуші б тиіннің терісі болған. 6-мен тиін сөзі бірігіп өзгерген дейді [31,35].

Шежіредегі Базар есімі парсы тілінен енген сез. Ол баз- қақпа, арты, соңында және арғы жағында деген дербес сөздерден құралған. В.Бартольдтің пікірінше бұрын базар қаланың ішінде емес, кірер қақпа алдында, сыртында болған дейді.

Сол сияқты Жексен сөзі де парсы тілінен енген есім. Жексен – йексен-бірдей “тегіс” жер дегенді білдіреді. Йек-бір-бірдей, сен-ұқсас деген сөз негізінде жасалынған есім [31,48].

Садуақас араб сезі. Сәйд - бақытты, ырысты, құтты деген мағынаны білдіреді. +уа екі сезіді дәнекерлеуші қосымша. +хас-нағыз: яғни нағыз бақытты ырысты адам деген мағынаны білдіреді. Араб тілінен енген Нұралы, Нұrbай, Оспан Үәли, Үсен сияқты есімдер осы еңбекте кездеседі.

Иран тілінде мысалға Серәлі сияқты есім кездесті. Оның түбірі сер-шер-ғали-әли-әлі болып өзгермелі құрамдағы біріккен есімде шер-арыстан, яғни арыстан сияқты батыр болсын немесе Әлі-Әли сияқты пайғамбарлар есімі негізінде жасалынған зат есім [17,26].

Шежіредегі Арғын, Қанжығалы руларының аттарының этимологиясын талдайық:

“Арғынның толық аты “Ару – ғұн”, яғни таза ғұн немесе, ак ғұн деген мағынаны білдіреді. Атақты ғалым Махмұд-Қашқари “Диуани-лұғат аттүрік” деп аталағын кітабында (XI-ғ.): “Бай ана – Арғу (яғни Арғын) тайпасының бас құдайы”, – дейді Ислам дінін қабылдағанға дейінгі сенім бойынша Тәңірі – көк аспан құдайы еркек бейнелі болса, Бай ана-жер, суға иелік ететін, Тәңірдің ризығын өсіріп, әндіретін ана бейнелі құдай. Жазба деректерге сүйенсек, ерте уақыттардан бері арғындардың қыстауы мал-жанға жайлы Сырдария бойы, Энгрен, Шыршық өзенінің маңында. Мәішір-Жүсіп жазбаларындағы арғынның бел баласы Мейрам сопының бейіті Шыршық өзенінің бойында деген мағлumat жайдан-жай емес.

Арғындар тек орта жұз ғана емес, бүкіл үш жүздің ішінде ең ірі тайпа екені белгілі. Бірақ, таңыркарлық жағдай, арғын атауы XIII-ғ. дейін Қытай, Монгол, Парсы тарихшыларының еңбектерінде кездеспейді. Ғалымдардың болжауы

бойынша, арғын тайпасы ерте заманда басқаша аталған немесе XIII-ғ. Бірнеше руладан арғын бірлестігі құрылуы нәтижесінде аты шыққан. Шоқан Үәлиханов “Қазақ шлекіресі” деген еңбегінде былай дейді: “Арғын руы, кейінгі деректерде, Шағатай ұлысының құрамындағы ел ретінде ұшырасады, Хулагудың әйелі осы Аргын руынан”. “Юань-Ши” деп аталатын XIII-ғ. Монғол жылнамасында “Аргындар наймандардың батысында, қыпшақтардан солтүстікке қарай қоныстанған” деп айттылған. Бұл Балқаш көлінің солтүстігінен Сібір шекарасына дейінгі жерлер. XIV-XVI-ғ. Аргындардың көшіп-қонысы сыр бойынан Есіл мен Ертістің сағасына дейін созылғаны белгілі.

М.Жусіп аргындар туралы мынадай аңызды баяндайды: “Жанарыстың екі әйелі болыпты. Бірде-бірінін пүшпағы қанамай, бізге күн көру қайда, жас иісті баланы – ай деп, зарығып қамығып, жүрген күндерінде ойламаған жерден алты қожа кез келіп, қона қалыпты.

Кір-кондарынды жудыр, аттарынды тынықтыр осы қойлардың етін жеп тауыспай жібереймін депті. Соңда қожалар мұның шын құлап, ықылас еткен пейіліне риза болып, осы алтауымыз да атымызды бердік, алты ұлға ата боласың деп баталарын беріпті. Аттары Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Даражожа, Есімқұлқожа, Қасымқұлқожаның біреуінен – керей, біреуінен уақ”-деп жазады А.Хамитова мен Д.Жанабекова. [3,194 б.]

Сонан соң әйелдері буаз бола бастап, бәйбішеден төрт, тоқалдан екі туыпты. Алтауына да алты қожаның атын қойыпты. Қарақожадан – аргын, Аққожадан – найман, Ақтамбердіқожадан – қыпшак, Даражожадан – қоңырат, тоқалдан туған Есімқұлқожа, Қасымқұлқожаның біреуінен – керей, біреуінен уақ”-деп жазады А.Хамитова мен Д.Жанабекова. [3,194 б.]

М.Ж.Көпееев шығармаларынан алынған қанжығалы руына тоқталамыз. Шежіреде автор бұл жөнінде былай деп тоқталады: “Қанжығалы кісі аты емес, қараның ханы болып басына алтын жыға орнатқан. Соңан қанжығалы атанған деседі. Кейбір ескі сөз сөйлеушілер жауға аттанғанда қанжығалы болып, қанжығасы құр келіп көрген емес. Соңдықтан қанжығалы атанған деседі. Шешесінің аты Момын, атасының аты Ақсопы, Толыбай ұранды қанжығалы атанған”[6,46]. Жыға тауының мағынасын кеңінен түсіну үшін жыға атауына тікелей катысы бар семантикалық жағынан шығу тегі бір қанжыға сөзін бірлікте қарастырамыз. Қанжыға – (қан+жыға) екі компоненттен тұрады. “Қанжыға” – деп ердің екі қалтауының артқы қасынан кейінгі екі ұшына тақау жерге бірдене байтап қою үшін тесіп өткізілетін қайыс немесе жіпті айтады. [ҚТЭС-Алматы, ғалым, 1966, 1166]

Бірақ, осы сөздің түп-төркіні бас киім жығамен байланысты. Ерте уақытта тектілер салтанаты мен кернелетіп аң аулауға шыққан. Бастьарына үкілі жыға киген, үстеріне женіл киіп шыққан. Аңның жығылуы мен жаудың женілуй қаннның төгілуі бастьарында қадалған құс қауырсынына байланысты болған, жығып белгі беріп отырған. Осы аталған уәжден атылған аңды салатын заттың аты “қанжыға” келіп туған, ал, “жығаның” бір мағынасы дулығаға қадалатын құс қауырсыны жоқ женілгенде жығаны жығып қояды, соғыста қолданады. Адам

каны төгіледі. Жығылу сөзі қан төгілу дегенді көне түріктер жығу деп үққан. Аң да, адам да жығылды деген. Жау жеңілді, жыға қанданды. Қанжығаның кейінгі мағыналы туынды мағыналар. Демек, бұл мағынасы терендің жатыр. Қанжыға – зат. Әр түрлі бүктіріншек байлау үшін ердің артқы қасының астын ала екі қанталдығының кейінгі жак шетіне өткізіліп қойылатын таспа тәріздес қайыс [КГГС – II том, Алматы КССР Ғылым, 1961, 336]

Қанжыға сөзі қырғыз, өзбек, қарақалпақ тілдерінде де дәл осы мағынада қолданылады. Бұл сөз башқұрт тілінде канъяға, алтай тілінде кандвага, монгол, бурят – монгол тілдерінде ганзага, қалмақ тілінде ганзғы түрінде кездеседі. Эзербайжан, түркі тілдерінде бұл сөз тиргі (алтын тиргі – алдыңғы қанжыға; кизін тиргі – артқы қанжыға болып айтылады, бірақ та “қанжығаға байлау” деген мағынада тиргіле, тиргілет етістігімен қатар ханчағыла, ханчағылат етістігі де қолданылады. Хакоско – рус. сл. Москва, 1953.)

“Алт. Капзада торока монг. Уавуа, ср, совр. монг., бур. Ganzaga” (Рассадин, 71) (Жанпейісов, 108)

Біздің шамалауымызша бұл сөз монгол тілдерінен ауысып келген және оның мағынасы осы тілдерде “салбыратып асу, асып байлап қою, салақтап тұру” деген мағыналарда кездесетін һанжыха, һанжаха сөзімен тығыз байланысты болуы керек (Бурят – монг. – рус. сл. Москва 1951; монголико-русск.сл. Москва, 1957). Қанжыға сөзі түркі тілдерінде конкретті бір мағынада ауысып келген монгол сөзі болар дәл шамалаймыз². [КТКЭС Алматы, ғылым, 1966, 1166]

Семантикалық мағынасы жағынан қанжыға мен жыға жуық – мәндес сөздер. Бұл біріккен сөздің мағынасы жыға сөзіне қатысты зерттелгенде, толық айқындала түсетін болады. Бірінші, қан сөзі әркімге аян. Сондықтан, екінші компонент “жыға сөзінің семантикалық мағынасына, этимологиясына барлау жасаймыз. Жыға сөзі түркі тілдерінің біразында қолданылады. Мысалы, қазақ тілінде қылыш өтпес үшін батырлардың бас киімінің артқы жиегіне бастырылған зат” [26, 115, 210].

“Өзбек тілінде сопакша металға түрлі-түсті асыл тас, құс қауырсыны орнатылған әшекей. Мұны, бас киіміне өзінің үйлену тойында күйеу жігіт те, сұндетке отырғызылған күні жас бала да тағады [УРС 156]. Жыға түрікмен тілінде де көнергөн сөз ретінде сакталған, онда да екі түрлі мәнде: кітаптың бет аралығына белгі ретінде салып қоятын құс қауырсыны және сұлтан (алтынды әшекей), (түрік РС, 329). Қырғыз тілінде жыға деп қалымдық және хан киетін биік бас киімді, сұлтанды (әшекейді, асылды) айтады. [КРС, 276]. Жыға қазақ тілінде қыздардың бас киіміне кадайтын құс қауырсыны деп те түсіндіріледі. Ол Осман, түріктерінің тілінде де солай “аграфь, сұлтан, на галме және “головное украшение новобрачных” делінген. [РСЛ. IY, 116]. Л.З. Будагов (көне араб жазуын қазақ транскрипциясымен жазамыз – А.К) : п. тур. жыға (ы), жқа, жқе, жйға, пухъ, перчевъ, султанъ, носимый на чалмъ или на шапкъ, жиегі алтын золотое укroшение перья на шлемъ носимыя храбрыми воинами, қырғ. Перо (фазана или павлина, которое носят дъвицы на шапачкъ), воткнуть перо (где нельзя найти

фазановыхъ перьевъ, втыкают филиновое)1.

Тұрғындағы осы жыға атауы – парсы сөзі2. [Жанпейісов Е., М.Әуезов “Абай жолы” эпопеясының тілі, - Алматы: ғылым 1976, 42-43б]

Жыға – дағыстан тіліндегі тұтқын басы байлаулы құл.

Жыға көнерген сөз ретінде түркмен тілінде де сақталған, онда да екі түрлі мәнде: кітаптың бет аралығына белгі ретінде салып қоятын құс қауырсыны және ұлтан, яғни алтынды өшекей К.К.Юдахин жасаған лұғатқа сүйенсек, қырғыз тіліндегі жыға деп қалындық, хан киетін биік бас киімді, сұлтанды (өшекейді атайды). Жанпейісов жыға атауы түркі тіліндегі мынадай үш түрлі мағына білдірген: құс қауырсыны, асыл тасты алтын өшекей (екеуі де бас киімдікі) және бас киімнің тұтас өзі де осылай аталған. Сол сияқты, қарақалпақ тіліндегі “жығалы қат – деген тіркес бар деседі3 [Жанпейісов Е. Этнографиялық этюдтер [қаз. мектебі].

“Жыға” деген бас киім де болған. Ол ауыз әдебиетінде “бөрік”, “үкілі бөрік” түрінде де кездеседі. Оны батырлар да киген. Жыға қазақ тіліндегі қыздардың бас киімдерінде қадайтын құс қауырсыны деп те түсіндіріледі. Ол түркі тілдерінде үш мағына білдіреді3. [Жанпейісов Е. ҚТКСЭТ ҚТГБЗ – Алматы: ғалым, 1975, 101-2]

“Түсіндірмелі сөздікте” соның төртеуін дәл жақсы айтып берген де, жығаның бірөңкей, сызыра мағынасын да қолданылатыны айттылмаған дейді Қыдырбекұлы Б. “Түгел сөздің түбі бір” деген еңбегінде жыға сөзінің мағынасын дұрыс білмегендік қателіктеге ұрындырады. М.Мұқаметқанов Абай өлеңі туралы: 1977 жылғы жинақта “Көңілім қайтты достан да, дүшпаннан да” деп басталатын өлеңінен:

Пайда үшін біреу жолдас бүгін танда,
Ол түрмас бастан жыға қисайғанда, -

М.Әуезовтің “Еңлік-Кебек” пьесасына мысалдар келтіре отырып: тобықтың жығасын қайта түрғызған наймантың бір шіріген жұмыртқасы...” шыға қисайды екен (Абайда) жыға жығылады екен (Мұхтар), сонда “жыға – дұлығаның сыртынан қаптап қоятын зат” деп түсінік беру оғаштық емей немене. Жыға дұлығаның сыртынан қаптап қоятын зат емес, батырлардың дұлығасының төбесінде шашылта қадап қоятын зат болады. Егер жау женіліп қалса, жау жығасы жығылды, не жаудың жолы болмаған шақта, жау жығасы қисайды деп жау басына түскен істі оның жығасына ауыстырып айтатын қазақтың дәстүрлі сөзі болғаны белгілі.

Қ.С.Ахметжанов : Тамғалы тас суретінде малдасын құрып, қауырсынды бас киім киген түркі бейнеленгенін айтады. Бұдан біз айналдыра көп қауырсын қадаған бас киім кио дәстүрі көшпендейлерде түркі заманында да жалғасып келгенін көреміз. Бас киімнің төбесіне не маңдайына (бір-екі қауырсынды) жыға (джига) тағылмен ауылсан.

Шойбеков: жыға - дұлығаның артынан (мойынды қылыш кеспеу үшін) қаптап қоятын зат, бас киімнің артқы жиегі, батырдың төбесі үшкір, өшекейлі дұлығасының етегі.

Қазақ мал шаруашылығымен айналысып қана қоймай көштің салтанатына да мән берген жыға сияқты зат тақкан. Бірақ, оны “қырғауыл байлау” – деп атаған. Қырғауылды қебіне ел ішіндегі байлар, беделді атқа мінерлер тақкан. Рәсім бойынша ақ түйені жұмыр жінішке ағаштан оюолап жасаған төрт аяқты “қырғауылмен” ерттейлі. Оның ішіне қоңырау байлайды. Сонымен бірге төрт бұрышына қырғауыл, қарқараның қауырсындарын қадайды. Бұл жиһаздың қырғауыл аталуының өзі құстың атына байланысты. Бұл көш “қарқаралы көши” деп аталады. Түйенін бүйдасын жас келіншекке не ақсақалға тапсырған. Қолды қебіне қараша адамдар пайдаланылған қырғыз тілінде “қанжыға” сөзімен қатар “бектері” сөзі қатар жұмсалады”- дейді автор [26, 97].

3.2 ЖЕР-СУ АТТАРЫНЫҢ КЕЙБІРІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Шежіреде аталған жер-су атаулары да өзіндік ерекшеліктерімен көзге түседі. Оның 90-ға жуық топонимдердің 20-сы гидронимдер, 14-і ойконимдер, қалғандары ойконимиялар. Шежіредегі бұл топонимдердің кейбіреулерінің этиологиясын талдауды мақсат еттік.

Қазақ халқының атамзаманнан орнығып, өмір сүріп жатқан жерінің аумағы қаншалықты көлемді де кең екіндігін білесіздер. Шежіреде барлық рулардың жерлерімен жаз жайлаған, қыс- қыстағаның қоса баяндау шежірешінің қаншалықты мұқияттылықпен тәптіштеп таратқысы келетіндігін аңғартқандай. Әр жердің әрқайсысына ат қойып айдар тағына өздерінің талқырлықтығы мен шешендігі тағы бір паш еткедей өсер береді. Бұндағы алға қойып отырған міндеттіміз – ғылыми ізденіс арқылы шежіреде кездескен жер-су, мекен, мола т.б. жіктен санамалап кейбіреулерінің алғашкы мағыналарын табу арқылы атау сырын ашу ғана. Бір ескерткішіміз – халық арасындағы жер-су атауларының мағынасы турасындағы жорамалдарға көп жағдайда ақыздарға негіз етіледі. Шежіредегі осы іспеттес әңгімелерде, мысалға, Атбасар, Шотана тасы, Қоқырбұқа сияқты жер, тас атауларын айтуға болады. Еңбектегі есімдік атауларында араб, иран, монгол тілдерінен енген сөздер мен қазақтың байырғы ру тайпаларының аттары да, адам есімдері де бар. Көшшілік атаулар жердің, судың өзіндік ерекшелігіне, яғни тұртұсіне, сұнының дәміне, айналасындағы өсімдік пен жан-жануарлар дүниесіне, т.б. белгілі байлықтары аталады. Қазақ халқының негізін құраған ру, тайпалар мал бағумен айналысып, жаз- жайлау , қыс-қыстау қамы мен ерсілі –қарсылы көшіп-қонумен бірге кең даланың табиғат ерекшеліктерін, әр төбенің әр жыраның өзіндік сипатын жіті тани білді, және оның жағдайын анықтайтын белгі ретінде пайдаланды. Атауды да соған лайық дәл тауып қоя білді. Осындай жер-су аттарының өзінен –ак көп жағдайда аймақтық жер бедерінен, жануарлар мен әсімдіктер дүниесінен, табиғат байлықтарынан мол мәлімет алуға болады.

Әсімдік дүниесіне байланысты атаулар жердің кең байтағына орай табиғаты

мен өсімдік түрлері сан қылыш болып келеді. Өлкеде өсетін мыңдаған өсімдік түрлері жер-су, атауларының жасалуына негіз болған: Қарағайлы көлі, Қарағайлы бұлағы, Ағаш көпір.

Елді мекендер: Қектерек, Қызылағаш, Қаратал, Жиделібайсын.

Қарағайлы, Жиделібайсын деген топонимдердің құрамындағы – лы, -лі қосымшасы –ты, -ті, қосымшасының вариантыны формасы. Бұл қосымшаға ғалымдар түрлі көзкарастар айтады: біреулер оны тау деген сөзден қалыптасқан тау –ту-ты-деп қарайды, ал тағы бір зерттеушілер –ты қосымшасы монғол тілінен енген деген пікір айтады. Ол бір нәрсенің барлығын көптігін білдіретін қосымша деген пікірді құлаттаймыз. Сөйтіп көне – ты,-ті қосымшасының үндестік заңына байланысты өзгерісінен туындаитын –лы,-лі формалы қосымшасы өсімдік атауларынан басқа да сөздерге жалғанып әр түрлі топонимдер тізбегін жасаған.-лы, -лі, -ты, -ті сиякты журнактар арқылы жасалған топонимдер немесе гидронимдер де барышылық. Мысалы олар шежіредегі Омбы (жер), Қоянды, Қарқаралы (тау), Сілеті (өзен) т.б. болып көрініс тапқан. Бұл құбылыс көне түркі тілінде де белен алған, ол –лық, -лік, қосылған сөздер тәуелдік, меншіктілік мағынасында келеді. Атқарылған орындалған іс мағынасын, мекен-жай атауларын білдірген. М.Қашқарида былай берілген: Басарлығ – сарымсақты тау. Татырлығ – тақыр, тегіс жер[25,346]. Оған тағы бір мысал шежіредегі Әлеңті өзені. Осы –ты,-ті қосымшасы туралы Ә.Нұрмамбетұлы “-ты,-ті- кепік мөлшерді білдіретін казіргі –лы-журнағының ерте кездегі дыбыстық баламасы”-дейді[жер аты тарих хаты]. Х.Құрбанғали: “алматы дегенді кейбіреулер “алмалы тау”дейді. “Та” калмақша “лы, лік” лық журнағы екендігін айтқанбыз”- дейді[7,157]. Ш.Сарыбаев: “Кейбір текстерде сын есімнің –ты,-ті,-ды,-ді тұлғалары вариантының орнына тек қана –лы,-лі варианты қолданылады”- деген. Ә.Қайдаров: “Сөз жасау моделіне байланысты эпостық топонимдерінің ішінен көзге ерекше түсетіндері –ты// -ті,-ды// -ді,-лы// -лі// моделі бойынша жасалынған топонимдер”[10,146]. С.Е.Малов: “парсының “суффиксі “ш”-де сирек те болса кездесіп, оның беретін мағынасы сапалық сын есім тудыратын-лы// -лі журнағына жақын екендігін көрсетеді”[26,110-116].

Жиделібайсын жері туралы Ж.Артықбаев : “Жидели-название земли, Байсын-название горы. Не просто гора, а замечательная гора. Эта земля так богата растительностью, что никто там не узнает, где ходят люди в этих горах или пасутся стада. Большая часть ел-журта тех краев, т.е. народа, являются казахами. Имеются они все как Байсын Конырат. Города имеются Балық, Бадахшан. Есть там земли, именуется Кундыз-Талкан. Живут в Кун-дуз-Талкане киргиз-лахайские Лахаи. Страной Управляют аксакалы.

...Жидели-Байсын-в казахских исторических легендах, мифах и эпических произведениях-земля обетованная. “Там, где мирно испокойно, там где нет горя и несчастий, там где нет голода”-так воспевали эту страну в прошлом поэты. В ту далекую от нас эпоху в воображениях поэтов существовало лучезарное видение прекрасной страны Жидели-Байсын. И это видение давало животворную силу не

только им, но и всему народу в самые страшные и мрачные годы в их судьбах.

Ряд фольклорно-исторических сочинений позволяют очертировать примерные координаты Жидели-Байсын, хотя в целом в представлениях народа это утопическая страна. Это прежде всего территория Мавераннахра и северные районы Афганистана. По М.Ж.Копееву страна Жидели-Байсын иначе называется Ауган жұрты, т.е. страна переселенцев, от тюркского “ауу” переселится, бросить свою землю в поисках лучшей участи и т.д. Во-вторых, города Балх [Балык], Бадахшан-известные историко-культурные области на юге. В наше время в указанных местах обитают лакайские племена, очень близкие по этнографическим параметрам к казахам [4,196-197] деген.

Жануарлар мен құстарға байланысты топонимдер: Қарақұс, Таймай көлі, Атбасар, Жақсы ат, Ешкіөлмес, Қоңырбұқа, Қарайғыр шаты.

Жер сулардың атауы соның ішінде көбінесе жылқы малы негізінде жасалуы халықтың осы тәлді аса жоғары қастерлегенін болар.

Белгілі оқиғаға байланысты туған топонимдер: Шотана тасы, Қоңырбұқа, Шантимес, Ханқашты сияқты аталу тарихы азыз негізінде жасалынған жерлер болды.

Судың “мінезіне” қарай аталған гидронимдер: Еңбектегі өзен, көл-суларының сыр –сипатын мүқият бақылап, мінезіне қарай ұтымды мінезін дәл ашатын ат қоя білгендейтерін дәлелдейтіндей мол деректер кездеседі. Мысалға: Шу өзені немесе Желдітау мекені.

Тұр-тұсіне байланысты гидронимдер: Ақкөл, Сарысу.

Тұр-тұсіне байланысты топонимдер: Сарыарқа, Қызылағаш, Көктерек, Сарсадақ қонысы, Қарайғыр шаты, Қызылжар базары, Қаратал.

Таулар: Көкшетау, Алатау, Қызылтау, Қаратай, Ақтау.

Дәміне байланысты гидронимдер: Ашы көл, Саумал көл.

Көлеміне байланысты көлдер: Жарлы көл.

Сан есім негізінде жасалынған су аты : Жетісу.

Жергілікті жердің қазба байлықтарына байланысты қойылған гидронимдер: Темірсу.

Тіршілікке қажет заттарға байланысты топонимдер: Сарысадақ қонысы, Ақшатау, Құрық.“Жаман”, “жақсы” сөздерімен айтылатын топонимдер: Жақсы Дауба, Жаман Дауба, Жақсы ат. Бұл атаулар географиялық объектіге түрлі көзқарастарын білдіреді. Мұндай тіркестер көбінесе елді мекен атауларында кездеседі.

Топонимдердің ішінде күрделі екі-үш , төрт сөзден біргіп немесе тіркесіп құралғандары да бар. Енді осылардың кейбіреулеріне ғана тоқталсақ: Алатау -екі түбірден біріккен топоним. Ала сөзін тұсіндірмелі сөздікте “ақ және басқа түстердің араласып келген түрі” деп түсіндіреді. Жалпы тау қарлықарсыз шоқыларымен ала қалпында көрінетіні рас. Дегенмен, ала сөзінің төркінін іздестіре келе алтай тобына жататын түркі тілдерімен туыстас манчжуыр тілінде “ала” сөзінің “таумен” байланысты мынадай мағыналарын кездестіреді екенбіз. 1)

қырқа; 2) төбешік; 3) тау адырлары; 4) тау тізбегі. Бұл мәліметтер арқылы ангаратының-таудың онша биік еместігі және тау болып көрінетін қыркалардың тізбегі. Ендеше, “Алатау”-дың дәл мағынасы “қырқалы тау” немесе “адырлар тізбегі” деп дәлелдейді [35, 14].

“Алтай- Хатун және Ертіс өзендері аралығындағы тау. Таулы өлке - “Алтай” атауы жөнінде зерттеушілер пікірі әр түрлі. Олардың басым көпшіллігі Алтай тауының атауын бағалы металл-алтынмен байланыстырады. Ежелгі түрік тілдері ескерткіштерінен бастап , осы күндерде өмір сүріп отырған түркі тілдерінің сөздерінің соңғы “н” дыбысының “и”-ға айналғанын дәлелдейтін дерек болмағандықтан В.В. Радловтың пікіріне жүргінеміз. Оның көрсетуінше: ”Алтай” сөзі алтай, телеуіт, шор тілдерінде “биік тау”, “таулы ел” деген ұғымды ғана білдіреді. Міне, осы мағынадағы “алтай” сөзі тауға меншіктеліп, осы кезге дейін сакталған. Сейтіп, “Алтай” тауы біздіңше “Биік тау” деген мағына бермек.

Қарағайлы көлі сөзіндегі “қарағай”-бұл емен, қайың, терек деген сияқты ағаштың бір түрінің аты. Оны екі сөздің қосындысы деп қарауға мүмкіндік бар. Алғашкысы-“қара” (түске байланысты айтылатын сөз), екіншісі-ағаш. Қосып айтсақ “Қараағаш” болып шығады. Соңғы “ш”-дыбысының “й”-ға ауысуы түркі тілдерінде жиі кездесетін дыбыс сәйкетіктерінің нәтижесі деп қарауға болады. Ал -лы,-көне жүрнак”[36,44].

Топонимдердің ішінде оба, мола, зират, бейіт сөздерімен бірігіп орографиялық термин болып танылатын көптеген оронимдермен қоса елді мекен де кездеседі. Мысалы: Ақмола қаласының аты.Оны жасап тұрған осы екі түбірдің біріншісі ешқашан, ешқандай дау туғызбайтын, барлығымыз қастерлейтін “ақ”-пәк, таза кіршіксіз сөздерімен синонимдес ұғымдар болып есептелсе, екінші “мола”-деген түбірдің семантикалық жағынан “мола”, “Там”, “бейіт” деген ұғымдардың ешкайсысы да кісіні үркітпеуі тиіс.Әйткені бұл сөз кезінде “Корған,камал” мағынасын білдірген , біртіндеп өз мағынасынан айырылып кісі қорқытатын ұғымға айналған.

Сондай-ақ бұрын отбасын, бір оттын басындағы адамдарды, ал кейін олардың бірге жерленетін қорымын білдіретін “бейіт” атты арап сөзі біржолата “зираттын” баламасы болып кіркіті. Баспананы білдіретін “там” өлік басына тұрғызылар жай болып сіндіті. Бұғынгі ұрпақтың басым көпшілігі аталмыш сөздің қазіргі тұрмыстық қолданыстағы мағынасынан басқа да мағыналары болғанын ескере бермейтініміз екінішті-ақ.

Шежіреде Қырым деген мекен атауы кездеседі. Қырым сөзінің төркіні жөнінде қалам тартқан автор жоқ емес. Ұрым мен Қырым сөзінің этимологиясы жөнінде соңғы авторлардың пікірінше: “Ұрым не үрім” ескі әдебиетте Византия (немесе Кіші Азия) деген ұғымды білдіреді. Осы сөздің ауқымына қарай Қырым сөзі жарыса қолданылады деп тұжырым жасайды. Бірақ , Ұрым туралы бұл пікірге қосылуға болмайды[35, 61].

Осы сияқты енбекте Саратып деген өздерінше қазақшалап алған Волга өзенінің бойындағы орыстың ұлken Саратов деген қаласының аты. Бұл атау

ешқандай тектің емес Сары және тау деген сөзден шыққан деп есептейміз. Яғни сары тау деген мағынаны білдіретін елді мекен [36,110].

Баянаула – бұл екі түбірден біріккен топоним. **Баян** – араб тілінде әлді, ауқатты, бай деген мағынаны білдіреді. Ал аула, ауыл сөзінің диолектілік нұсқасы. Ендеше табиғат корына бай деген мағынаны білдіреді деп есептейміз. А.Тұрышев: Абыралы сөзінің түбірі аб дей келе, Аба//ата//әже//ожо//баба үлкен кісі ұғымында күні-бүгінге қолданылады. Абыралы//Абыла//Аула (корған, аң аула – зат, етістік) мысалы Баянаула //баян+ауыл//ауыл кейін пайда болған дейді [26,182].

Шежіредегі Ертіс гидронимінің этимологиясы туралы М.Қашқари: Ертіс – “Иемек” даласындағы бір өзеннің аты дейді. Бірнеше тармақтың бұл дария сол жердегі бір көлге құяды. Бұл дарияны “Ертіс суы” дейді. Судан өтерде “кім тез өтеді?” деген мағынада қолданылған Ертіс сөзінен алғынған деп жазады [25,127]. Соған қарағанда Ертіс өзені “Кім тез өтеді?” деген сұраулы сөйлем негізінде пайда болған сынаилы. Ал, А.Тұрышев : Қырғыздар ене (Енесай) су анасы, Ертіс, Еділ мүмкін осы ана сөзінен шыққан шығар дейді [26,251].

Павлодар қаласының ертедегі қазактар арасында кең тараған Кереку аты шежіреде кездесуі автордың кіндік кескен туған жері болғандықтан жиі кездеседі. Былай қарағанда Павлодар мен Керекудің арасында ешқандай байланыс жоқ сияқты. Ал шынында казіргі Павлодар қаласы орналасқан маңда бұрын Коряково деген село болған. Корякованы қазактар Кереку деп өз тілінің үндес занына бағындарып алған дейді Ә.Бірмагамбетов [38,61].

Шежіредегі Семей қаласы жөнінде де жоғарыдағы автор былай дейді: “Бұдан екіжарым ғасыр бұрын Ертіс өзенінің қазіргі Семей қаласы тұрған жағалауларына орыс әскерлері келіп түсті де, бекініс салуға кірісті. Олар бұл жерден құлаған жеті тас үйдің қалдығын тапқан. Оның орнына жеті палата – бекініс орнатты. Салынған бекіністі Семипалатинск деп атайдын болды. Жергілікті халық оларды Жеті палата деп атайды екен. Ертіс бойындағы болашақ бір ірі қаланың негізі осылай қаланды. Кейінен қазактар Семипалатинскіні өз тіліне ыңғайлап Семей деп атап кетті [38, 61].

Еңбекте “кен”, “кент”, “орда” сөздерімен біріккен немесе тіркескен қала аттары кездеседі (Қожа кент, Сарай кент, Сары кент, Ташкент, Алтын орда).

Осы берілген жер атауларының бірінші компонентері түсінікті “Қожа”, “Сарай”, “Сары”, “Таш - Тас” ал “кен” немесе “кент” сөзі туралы М.Қашқариды: кен күнгілігіс жақтағы әрбір шаһардың атауына “Кен” сөзі қосылады. Бұл сөз “кент”, “кенд” сөзінің кысқарған түрі десе [24,398], ал “Орда” сөзін Хан тұратын қала, астана деп түсіндіреді [25, 401].

Оғыздар мен оларға жақын маңда тұрған жұрт тілінде “Қыстак” деген мағынаны кент сөзі білдірген, түрік халқының көпшілігінің тілінде “Шәһар”, “қала” дегенді білдіреді дейді [25, 402].

Самарқанд – қаласының үлкен кала болғандықтан семіз кенд – сеіз қала деп атаған. Мұны парсылар Самарқанд деп атаған екен. [25, 402бет].

Шежіредегі Сырдария өзені туралы сөз қозғар болсақ: түбірі екі сөзден тұр : сыр + дария. Сыр-сыр, бояу деген мағынаны білдіреді. Көне түркілік Шын жұртындағылар қасын бояп сәндеп үшін пайдаланған бояу, ал дария сөзі – тұпсіз, терен деген мағынада, ал көне түркі жазба ескерткіштерінде сөз түбірі – “тер” калпында болғандығы анық. Терэ – алқап, ойпат деген мағынаны білдіреді. Терен сездің алғашқы түбірі “терә” – терә+ң – терен – дари+а – дария – дария – пайда болған сиякты [39,98]. Радлов пікірінше: түркі тіліндегі т-д, е-а дыбыстарының бірінің орнына қолданыла беретінін дәлелдеп [32,630], “терен” сезінің түркілік кейбір тілдерде: терән, дәрин, дерин – тұлғасында кездеседі дейді [32,208].

Карипжанова А. “М-Ж.Көпееев шығармаларындағы топонимдер этимологиясы” деген макаласында еңбектегі Қазығұрт туралы: Жезказған облысының Жана арқа ауданында “Қазықұрт” деген өзен ағады. Қазықұрт-Оңтүстік Қазақстандағы көне замандардан әйгілі тау атауы. Ескі азыз-әңгімелерде жердүниені топан су басқан кезде Қазығұрт тауының басына кеме тоқтағаны айтылады. Онда “Нұх пайғамбардың кемесі қалған деген ” азыз бар.

К.Әміралиевтің айтуынша, кездар мен құрттар тайпалары біздің дәуіріміздің II және III ғасырларында өмір сүрген дейді.

Сондай-ақ бұл атаудың этимологиясын зерттеуші ғалымдар “Қазықұрт” тарихта біздің заманнан I ғасырынан- ақ белгілі екенін және бұл атаудың екі түбірден тұратынын құптайды. Алғашқы кер /кар-якут, алтай, телеуіт және көне түркі тілінде, зор жылан, екі басты айдаһар дегенді білдіреді дейді. Ал Қ.Хамид “Тауарих-хамса: халық арасында Қазықұрт тауының астында дуалап, арабап, байлан қойған айдаһар бар, ол босанып кетсе киамет-кайым болады-мыс деген азыз бар”. Зерттеушілер осыған қарап “айдаһар” дегенді білдіретін кер/кар сөзі мен “Қазықұрт” атауының арасында байланыс болуы және бұл түбірдің фонетикалық өзгерістерге үшірап, соның негзінде керқұрт-кескұрт-казқұрт-қазықұрт болып қалыптасуы мүмкін дегенді айтады. Құрт бөлігі – ертеден тайпа аты. Құрт сөзіне үқсас атаулар Радлов сөздігінде: ур-огур+т табын деп берілсе ,Фастер сөздігінде jurt-отар деп беріледі. Осыған қарағанда, “құрт” созі-табын, отар, деген мағынаны береді деуге де болады. Сонда башқұрт- бас табын, бас отар дегенді білдіреді деп қорытындылайды [3,162].

Аягөз топонимі біріккен ая+көз деген екі түбірден құралған. Ая-түркі тілінде әлакан (ашсам аямда, жұмсам жұмырымда,(мақал) аядай бөлме. Құмық, ногайша-алақан: құмықша:қылну аясы дейді. Ал көз – адамның жан-жануардың бас сүйегіндегі дене мүшесі. Тіліміздегі Алатаудың аясы, сөз қолдану аясы кеңіді деген тіркестердегі – ая сөзі-ауыспалы мағынадағы сөз болып есептеледі [31,11].

Анықтауыш сынары объектінің түр-түсін, сыртқы көрінісі мен формасын, сонымен бірге жердің, судың, таудың сапасын, санын т.б. ерекшеліктерін білдіретін Алатау, Қаратаяу, Ақкөл, Жетісу, Қызылтаусияктылары тағы бар.

Шежіредегі топонимдердің көпшілігі 2 компоненттен тұратын болса, енді бір тобы тілдің бүгінгі даму тұрғысынан алып қарағанда құрамындағы

морфемаларға бөлшектенбейтін жер-су атаулары да ара-тұра кездесіп отырады. Олар: **Далба**, **Жайба**, **Құрық** сияқты топонимдер. Бұлардың тілдік табиғатын анықтау үшін арнайы этимологиялық зерттеу жүргізу керек. Осы күнгө дейін сакталынып бізге жеткен белгілілігімен қоса **Дуана тау**, **Доғанделі өзен**, **Жақсы Далба**, **Аштаркөл**, **Тысырап**, **Сырға** сияқты көнеленген жер-су аттарымен де ерекшеленді.

КОРЫТЫНДЫ

Сез соңында айтарымыз, шежіредегі сөз болып отырған ономастикалардың деривациялануы әр алуандығымен таң қалдырады. Тіліміздегі динамикалық даму барысында антропонимдердің, этнонимдерге яғни кісі есімдерінің ру, тайпа аттарына немесе көрісінше, ру, тайпа аттарының кісі есімдеріне ауысып отыруы осы материалда айқын көрінеді.

Сан – алуан жасалған атаулардан лексикалық құрамы арқылы халқымыздың шексіз де терең ой қыырларының сырларын аша түседі. Кейбір атаулардың көпшілігінің мазмұн-мағынасы көмексіленіп немесе біржола белгісіз жағдайға жеткен немесе басқа тілдерден енген атаулар екендігін этимология жағынан жете талдау, зерттеу арқылы ғана танимыз. Мән-мағынасы түсініксіз атаулар жөнінде халық ішінде әр түрлі азыз-әңгімелер, шежіре-дастандар туындаған. Оның шын анығына жету үшін қажырлы да табанды еңбек керек. Ырымшыл халық баланың ат қоюына өте бір ерекше дайындықпен, жауапкершілікпен қараған. Ол үшін жиын үйымдастырып, есімді ұзақ талқылап барып азан шақырып, ат қойған. Қебінесе дәүлетті, бай болсын деп, күшті, батыр, қырағы болсын деп, сұлу, керікті, ажарлы болсын деп, дені сау мықты болып ұзақ жасасын деп, ақылды, тапқыр жомарт, мырза болсын деген ең игі жақсы тілекпен есімін жүртшылыққа паш еткен.

Ономастиканың қай саласы болмасын сан ғасырлар бойы қалыптасып дамып, лексикалық қорымыздан тиісті орындарын алуда. Егер бұл шағын еңбекті жеткіншек оқушылар мен жас ғалымдар, стуенттер өзіне қажетті пайдаларына жаратып жатса, біздің мақсатымыз орындалды деуге болар еди.

Кісі есімдерінің қойылуы мен жер-су атауларының аталу тарихы қат-қабат және өте қызықты, Олардың этимологиясы зерттеу барысында міндетті түрде көне замандарға тіпті қажет болса, алғашқы рулық қоғамға да тірелесің. Сондықтан шежіренің немесе жеке ақын шығармаларының ономастика мәселелерін көтеру келешектің сыбағасы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сөз соңында айтарымыз, шежіредегі сөз болып отырған ономастикалардың деривациялануы әр алуандығымен таң қалдырады. Тіліміздегі динамикалық даму барысында антропонимдердің, этонимдерге яғни кісі есімдерінің ру, тайпа аттарына немесе көрініше, ру, тайпа аттарының кісі есімдеріне ауысып отыруы осы материалда айқын көрінеді.

Сан – атуан жасалған атаулардан лексикалық құрамы арқылы халқымыздың шексіз де терең ой қырыларының сырларын аша түседі. Кейбір атаулардың көпшілігінің мазмұн-мағынасы көмекшілікпен немесе біржола белгісіз жағдайға жеткен немесе басқа тілдерден енген атаулар екендігін этимология жағынан жете талдау, зерттеу арқылы ғана танимыз. Мән-мағынасы түсініксіз атаулар жөнінде халық ішінде әр түрлі азыз-әңгімелер, шежіре-дастандар туындаған. Оның шын анығына жету үшін қажырлы да табанды еңбек керек. Ырымшыл халық баланың ат қоюына ете бір ерекше дайындықпен, жауапкершілікпен қараған. Ол үшін жиын үйымдастырып, есімді ұзақ талқылаган барып азан шақырып, ат қойған. Көбінесе дәuletті ,бай болсын деп, күшті, батыр, қырағы болсын деп, сұлу, көрікті, ажарлы болсын деп, дені сау мықты болып ұзақ жасасын деп, ақылды, тапқыр жомарт, мырза болсын деген ең игі жақсы тілекпен есімін жүртішілікқа паш еткен.

Ономастиканың қай саласы болмасын сан ғасырлар бойы қалыптасып дамып, лексикалық қорымыздан тиісті орындарын алуда. Егер бұл шағын еңбекті жеткіншек оқушылар мен жас ғалымдар, стуенттер өзіне қажетті пайдаларына жаратып жатса, біздің мақсатымыз орындалды деуге болар еді.

Кісі есімдерінің қойылуы мен жер-су атауларының аталу тарихы қат-қабат және ете қызықты, Олардың этимологиясы зерттеу барысында міндетті түрде көне замандарға тіпті қажет болса, алғашқы рулық қоғамға да тірелесін. Сондықтан шежіренің немесе жеке ақын шығармаларының ономастика мәселелерін көтеру келешектің сыбағасы.

ТЕРМИНДЕР МЕН ТҮСІНКТЕМЕЛЕР.

Ономастика - (грекше : onomastike – атау, techne-өнері) - жалқы есімдерді зерттейтін тіл білімінің саласы. Ономастика жалқы есімдерді “реалионим” (бұрын болған, қазірде бар объектілер) және “мифоним” (ойдан шығарылған объектілер) деп екіге бөліп қарастырады.

Антропонимика - (гректін aithropos - адам және оnyma-есім) - адам есімдерін (антропонимдерді), жеке есімдерді, патронимдерді - (әкесінің атын), фамилияларды, жалған аттарды, псевдонимдерді, криptonимдерді (жасырын аттарды) зерттейтін ономастиканың бір бөлімі.

Антропонимика - адам есімдерін зерттейді;

Топонимика - географиялық атауларды зерттейді ;

Зоонимика - жануарлардың лақап атын зерттейді ;

Астронимика - аспан денелерінің атауларын зерттейді.

Топонимика(гректің topos – орын және оnyma-есім, атау) - географиялық атаулардың (топонимдердің) қызметін, маңызы мен шығу тегін, құрылышы мен тарау шеңберін, белгілі уақытта дамуы мен өзгеруін зерттеумен айналысадын ономастиканың бөлігі. Белгілі бір жердегі топонимдер жиынтығы сол жердің топонимиясы деп аталады. Топонимияның екі деңгейі болады:

1) **Макротопонимия** - ірі табиғи не жасанды объектілердің және саяси-әкімшілік бірлестіктерінің атаулары ; 2) **Микротопонимия** - кіші географиялық объектілердің жергілікті ландшафты (орман, дала, сай және тағы басқа) атаулары.

Ойконимия - (грекше:oikos-үй) –елді мекендердің атауы;

Гидронимия - (грекше:hydr-su)-су обектілерінің атауы;

Космонимия - аспан денелерінің атаулары, жұлдыз планеталар.

Некронимдер – молалар, бейттер, ескерткіштер, тарихи құндылықтар.

Дорогонимдер – жол, шоссе, темір жол.

Зоонимия – мал, аң, балық нуменативі.

Фитонимия - өсімдіктер әлемі.

Этнолингвистика–(грек.ethnos – халық, тайпа, және лингвистика) -- тілді мәдениетпен, тілдік, этномәдени және этнопсихологиялық факторлармен байланыстыра қарастыратын тіл білімінің бағыты. Кең мағынада, этнолингвистика – мәдениетті, халық психологиясын, мифологияны лингвистика (тіл) арқылы зерттейтін келенді пән.

Этнонимика - (грек. etnos – тайпа, халық және оnyma – есім, атау) этнонимдердің пайда болуын, тарауын, қызметі мен құрылышын зерттеумен айналысадын ономастиканың саласы.

Сөзжасам--1)Тұбірлі сөздердің негізінде тілде қалыптасқан үлгі бойынша афиксстерді және сөздерді біріктіру не қосарлану арқылы, конверсия жолымен сөздерді жасау;

2) Күрделі және туынды сөздердің пайда болуын, олардың қызметін, құрылышын және оларды топтастыруды зерттейтін тіл білімінің саласы. Жаңа сөздердің

ПАЙДАЛАНГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақ совет энциклопедиясы.12том.231-232б.
2. Құдайбердіұлы Ш.Түрік-қазак хем ханлар шежіресі.Қазан: 1911 ж.
3. Мәшіүр-Жүсіп тағылымы III-конференциясында жариаланған мақалалар. Павлодар ПМУ 2003, 3, 189,221,222,194,1626.
4. Артықбаев Ж.О.Историческое наследие М.Ж.Копеева.ПГУ им.С.Торайгырова, 2004,с-18,27,196,197б.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.-Алматы:Ғылым1979.735,164,1676.
6. Көпеев М.Ж.Қазак шежіресі.Алматы:Жалын,1993.-30,12,40,41,24,44,46 б.
7. Құрбанғали Х. Тауарих хамса@Бес тарих)Ауд.Тетенаев Б,Жолдасов А.- Алматы::Қазақстан,1992.62,63,92,93,94,95,1576.
8. Хасенов Ә.Тіл білімі.-Алматы,2003.36.
9. Лингвистикалық түсіндірме сөздігі. - Алматы: Сөздік, 1998.158-304,224, 159, 169б.
10. Қайдаров Ә.Қазақ тілінің өзекті мәселелері.-Ана тілі.1998ж.1286.
- 11.Әбдірахманов Ә. Тіл біліміне кіріспе негіздері.176.
- 12.Аханов К.“Тіл біліміне кіріспе”816.
- 13.Калакуцкая.Л.П.Ономастика и норма.-Москва,Наука.1976 г .25 стр.
- 14.Керімбаев Е. “Қазақ ономастикасының этнолингвистика аспекті” Қазақ ССР – Фалым, Алматы, хабаршысы, 1990, №3 173 б.
- 15.Никонов В.А.Топонимия.1965,26 б.
- 16.Қайдаров Ә,Керімбаев Е. Қазақ ономастикасының этнолингвистикалық аспекті.Қазақ ССР-і FA хабаршысы.1990,№3,136.
- 17.Жанұзаков Т.Есімініз кім ? –Алматы,1995,17,5,26 б..
- 18 Үскаков А. Қазіргі қазақ тілі.-Алматы:Ана тілі ,1991.-384,5,8,88 б.
- 19 Томанов М .Қазақ тілінің тарихи грамматикасы.-Алматы:Ғылым,2002.-536-616 ,121,122,1236.
- 20.Жұбанов Қ .Қазақ тілі жөніндегі зерттеулері.-Алматы:Ғылым, 1999.-98-581, 104,105,440,438,449,351,448,450,296,299б.
- 21.Тұрышев А.“Өлкетану” №3 2003, 20 бет.
- 22.Уахитжанова Н.Төрт тұлғім-ырысымның бірлігі.Бастауыш мектеп.1997, №7-8,60,61б.
- 23.Кенесбаев I.Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер.-Алматы: Ғылым, 1987,290,43,71б.
- 24.Оралбаева Н. Абылақов Ә.Қазақ тілі.-Алматы:Ана тілі,1992,40,38б.
- 25.Қашқари М.Түрік сөздігі.-Алматы:Хант баспасы,1977ж I-II-томы.1998ж Шт, 356, 53, 341,21,346,127,401,402б.
- 26.Тұрышев А .М-Ж.Көпеев шығармаларының этномәдени лексикасы.-Павлодар, 2004ж, 465,161,163,162,207,143,121,184,198,178,174,159,161,280,282,249- 251,115,110,97,40,116,182,251б.
- 27.Нұрмағамбетов Ә.Сөз сырына саяхат.-Алматы:Жалын, 1999,55,93б.